ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Мемлекеттік басқарудың ұлттық мектебі**

қолжазба құқығында

**Байбол Ержан Құрманғалиұлы**

# ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

«7М041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7М04120 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші
Бәйменов Ә.М., т.ғ.к.
Ғылыми кеңесші
Жақиянов Т.Ж., ә.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: «_______»_____________________2022 ж.

Мемлекеттік басқарудың
ұлттық мектебінің директоры
Әбдіхалықова М.Н., п.ғ.к.

**Қазақстан Республикасы**
**Нұр-Сұлтан, 2022**

## МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** ........ 2
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** ........ 5
**КІРІСПЕ** ........ 6
**1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ** ........ 9
1.1 Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары ........ 9
1.2 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы мемлекеттік органдардың міндеттері мен функциялары ........ 21
**2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДІН САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ** ........ 27
2.1 Дін саласындағы саясатты іске асырудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырудың өзекті мәселелері ........ 27
2.2 Өңірлік деңгейдегі діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстарының қазіргі жай-күйі мен өзекті мәселелері ........ 43
2.3 Қазақстанның дін саласындағы саясатын іске асырудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру бойынша ұсыныстар ........ 57
**ҚОРЫТЫНДЫ** ........ 62
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ** ........ 64
**ҚОСЫМШАЛАР** ........ 79

1. Талдамалық жазба ........ 79
2. «Қазақстан аумағындағы тіркелмеген діни қауымның өкілдері тарапынан жасалған құқықбұзушылықтар жөнінде 2019-2021 жылдар аралығында электронды БАҚ-та жарияланған материалдар туралы» ақпарат ........ 81
3. 2020 жылғы 12 желтоқсанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министріне жолданған №798 хат ........ 95
4. «ҚР-ның Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрлері арасындағы міндеттерді бөлу жөнінде Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 3 мамырдағы №94 бұйрығы» ........ 96

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы №1128-XII Заңы

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV Заңы

«Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпанындағы №332 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы №588 Жарлығы

«Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі №648 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы №898 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы №500 Жарлығы

«Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мен мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы №1185 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі №580 Қаулысы

«Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 қазандағы №1141 Қаулысы

«Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №124 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы №142 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспар туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №953 Қаулысы

«Дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар әзірлейтін комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 3 қарашадағы №111-ө Өкімі

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| АТТ | – | Ақпараттық түсіндіру топтары |
| ӘМ | – | Әділет министрлігі |
| БАҚ | – | Бұқаралық ақпарат құралдары |
| ДІА | – | Дін істері агенттігі |
| ДІАҚМ | – | Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі |
| ДІБ | – | Дін істері басқармалары |
| ЖАО | – | Жергілікті атқарушы органдар |
| ҚР | – | Қазақстан Республикасы |
| КММ | – | Коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| ММ | – | Мәдениет министрлігі |
| ОАО | – | Орталық атқарушы органдар |
| ТҚК | – | Терроризмге қарсы комиссия |
| ТҚО | – | Терроризмге қарсы орталық |
| ҰҚК | – | Ұлттық қауіпсіздік комитеті |
| млрд | – | миллиард |
| млн | – | миллион |

# КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстанда тіркелмеген діни топтар мен қауымдастықтардың жақтаушыларының саны үздіксіз өсуде, яғни діни ахуал белгілі бір дәрежеде күрделенуде. Егер 2015 жылы бір ғана тіркелмеген діни қауымның жақтаушыларының саны 15 мың болса, 2020 жылы 20 мыңнан асты, яғни өсім 30% болған. Сондай-ақ, бірқатар аймақтарда олардың қызметінің қылмыстану үрдісі байқалады. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мен оның алдын алу үшін 2013 жылдан бастап республикалық және жергілікті бюджеттен 373 млрд тенге қарастырылған. Дегенімен, 2014 жылдан бері, яғни 10 жылдың ішінде тіркелмеген діни қауымның жақтаушыларының қатысуымен 40-тан астам террористік акция жоспарланған.

**Жоба тақырыбының зерттелу деңгейі.** Дін мен ғылымның өзара қатынасы және діннің қоғамдық қатынастардан тәуелсіз дербес құндылық жайлы отандық профессор, ғалым А.Айталының еңбектерінде қарастырылған [1, 2]. ҚР-дағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың әкімшілік-құқықтық мәселелерін отандық ғалым Р.Подопригора зерттеген [3]. Зайырлы мемлекет ұғымы мен оның белгілері, зайырлы, діни және басқа мемлекеттердегі діни сенім бостандығы, мемлекеттің зайырлы сипатын заңнамалық тұрғыдан бекіту туралы Ж.Онлашеваның еңбектерінде кездеседі [4, 5] Мемлекеттік-конфессияаралық және дін аралық қатынастар мен оларды реттеу туралы А.Косиченко, А.Асан, Т.Козырев, М.Онучко, А.Садуақасова мен Э.Тойлыбекованың еңбектерінде жарық көрген [6, 7, 8, 9, 10, 11].

Қазақстандық зерттеуші Е.Қарин діни сарындағы терроризм мәселелері бойынша бірнеше далалық зерттеулер жүргізген [12, 13, 14]. Отандық сарапшылар А.Сабдин мен Ә.Қиманов діни экстремизм идеологисынан зардап шеккен адамдарды теологиялық тұрғыдан оңалту мәселелерін зерттеген [15, 16]. Тәуелсіз жылдардағы діни сенім бостандығы саласындағы ҚР-ның діни саясатының қалыптасуын Д.Сихимбаева [17], Германия мен Ұлыбританияның, сондай-ақ Қазақстанның діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын Д.Айтжанова зерделеген [18].

.... жеткілікті дәрежеде зерттелген. Алайда, зерттеу тақырыбы Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы тұрғысынан зерттелмеген.

**Зерттеу нысаны:** дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы құзырлы мемлекеттік органдар. **Зерттеу пәні**: Қазақстанның дін саласындағы саясатын іске асыратын мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы. **Зерттеу мақсаты:** Қазақстанның дін саласындағы саясатын іске асырудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының өзекті мәселелерін анықтап, жетілдіру жолдарын қарастыру.

**Зерттеу гипотезасы**. Қазіргі уақытта дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда құзырлы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету төмен деңгейде, деген болжам бар.

**Зерттеу міндеттері.**

1) Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын қарастыру;

2) Салалық мемлекеттік саясатты іске асырушы мемлекеттік органдардың қызметтік насанын, міндеттері мен функцияларын зерделеу;

3) Дін саласындағы саясатты іске асырудағы құзырлы органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырудың өзекті мәселелерін зерделеу;

4) Қазақстанның дін саласындағы саясатты іске асырудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.**

В.Вильсон мен Ф.Гуднаудың «Әкімшілік тиімділік теориясы», М.Вебердің «Рационалды бюрократия теориясы» А.Файольдің «Әкімшілік басқарудың теориясы», Д.Макгрегордың «Х теориясы» мен «Ү теориясы», Ф.Герцбергтің «Мотивацияның екі факторлы теориясы» мен Ф.Тейлордың «Ғылыми менеджмент теориясы» мемлекеттік басқару теориясының негізгі теорияларына жатады [19].

Қойылған міндеттерге қол жеткізуіміз үшін зерттеу классикалық әкімшілік басқару мектебінің негізін қалаушы болып саналатын француз инженері Анри Файольдің (1841-1925) **«Әкімшілік басқарудың теориясы»** аясында жүргізіледі. Аталған теорияға сәйкес, А.Файоль жоспарлау (болжау, алдын ала көру), ұйымдастыру, өкімшілік ету, үйлестіру мен бақылауды – басқару функциясының бес негізгі элементіне жатқызады [20].

1. Жоспарлау (болжау, алдын ала көру). Жоспарлау – бұл іс-әрекеттің қадамдары мен кезеңдері ғана емес, **ең алдымен болашақты «болжау» әрекеті және осы күйге өту шараларын анықтау**. Бұл басқару процесінің маңызды компоненттерінің бірі, оның барысында **алдымен басым бағыттар анықталады, содан кейін мақсаттар белгіленіп, міндеттер қойылады**.

2. Ұйымдастыру. Жұмысты ұйымдастыру ол – жоспарлау процесінде қойылған міндеттерді (шикізат, жабдық, капитал және персонал) шешу үшін кәсіпорынды барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету. Осылайша, ұйымдастыру функциясы материалдық және әлеуметтік аспектілер қамтиды. **Кәсіпорынды мамандармен қамтамасыз ету** және **олардың алдына тиісті міндеттер қою** ұйымдастырудың әлеуметтік аспектісі болып саналады.

3. Өкімшілік ету – басқарудың негізгі функцияларының бірі. Оның мәні – бүкіл ұйымның мүддесі үшін қызметкерлерден барынша қайтарымға қол жеткізуде. Яғни, қызметкерлердің алдарына қойылған міндеттерін барынша тиімді орындау үшін оларды қажетті іс-әрекеттерге ынталандыру.

4. Үйлестіру. Бұл функцияның негізгі мақсаты – ұйымның әртүрлі құрылымдары өзара әрекеттесуін үйлестіру. Бұл элемент шығындар мен кірістердің ұтымды пропорционалдылығын, әртүрлі бөлімшелердің іс-әрекеттерінің келісімділігі мен **бір бағытын қамтамасыз ету** үшін ұйым қызметінің әртүрлі аспектілерін теңдестіруге арналған.

5. Бақылау. Бақылау функциясы ұйым қызметінің қабылданған жоспарларға, қағидаттарға және қолданыстағы нұсқаулықтарға **сәйкестігін**

**қамтамасыз етуге арналған**. Бақылаудың мақсаты – әлсіз тұстар мен қателіктерді табу (оларды түзетуге және алдын алуға мүмкіндік болуы үшін). Сондай-ақ, бақылау кері байланыс үдерісін ынталандырады, әрі **өзгеретін жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді**.

Таңдаған теориялық моделді ескере отыра, қойылған міндеттерге қол жеткізуіміз үшін зерттеуде келесі пәнаралық әдістер қолданылды:

– Кабинеттік зерттеу (Desk research). Бұл әдіс заңнамалық, нормативтік-құқықтық актілер саласындағы деректер қоырн талдау кезінде қолданылды;

– Жалпы паттерндер мен проблемалық аймақтарды анықтау үшін мемлекеттік органдардың құжаттары мен ақпараттық материалдарын талдау мақсатында контент-талдау әдісі. Сонымен қатар, бұл әдіс электронды БАҚ-ын талдау үшін қолданылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша қойылған міндеттермен тікелей байланысты мынадай **нәтижелер күтіледі:**

– ҚР-ның дін саласындағы саясатының негізгі бағыттары қаралды;

– дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын мемлекеттік органдардың басқару жүйесінің ерекшеліктері зерделеніп, органдардың өзара іс-қимылының проблемалық аспектілері анықталды;

– құзырлы мемлекеттік құрылымдардың қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында нақты ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу жұмысы нақты тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу арқылы дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру барысында тиімді мемлекеттік басқарумен байланысты проблемалар мен ықтимал тәуекелдерді барынша азайтуға өз үлесін қосады. Зерттеудің қорытындылары мен ұсынымдарын мүдделі мемлекеттік органдар, діни бірлестіктер мен зерттеушілер пайдалануы мүмкін.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Діни сала қоғам өмірінің көптеген аспектілеріне әсер етеді. Отандық әдебиетке жасалған шолу көрсеткендей, Тәуелсіздікті қайта жариялаған сәттен бастап зерттеушілер өздерінің ғылыми зерттеулерін дін саласындағы әртүрлі бағыттарға: мемлекеттік-конфессиялық және дінаралық қатынастарға, философия, мәдениеттану, дінтану, діни экстремизм мен терроризм проблемасына және т.б. арнады. Алайда, дін саласындағы саясатты іске асырушы мемлекеттік құрылымдардың өздеріне қатысты академиялық дискурстың жетіспеушілігі байқалады. Осыған байланысты, бұл зерттеу құзырлы органдардың өзара іс-қимылын талдауға әрекет жасауға тырысты, өйткені олардың тиімді әрі сәтті жұмысы ел ішіндегі діни тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, зерттеу осы бағыттағы өзекті мәселелерді шешудің нақты тетіктерін әзірлеуге бағытталған.

**Жобаның құрылымы.** Жобаның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспе бөлімнен, екі негізгі тараудан, бес тараушадан, қорытынды және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 98 бет.

# 1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

## 1.1 Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары

«Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспардың» және осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің негізінде Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясаты төмендегі бағыттар бойынша іске асырылатынын байқаймыз [21, 22].

***Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету***

Конституция бойынша Қазақстан өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады. Ата заңға сәйкес, Республикада діни негіздегі партияларға жол берілмейді, әркім өзінің қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы, діни астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді [23].

Осыдан қоғамның әр саласында зайырлылық қағидаттарын ілгерілету бойынша дін саласындағы мемлекеттік саясат қалыптасып, зайырлылық қағидаттарының негіздері көптеген нормативтік-құқықтық актілер арқылы келесідей іске асырылып отырғанын көреміз.

**Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңына** сәйкес, ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді, әрі діни бірлестіктер және Қазақстан азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең [24].

Сонымен қатар заңда – ҚР азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе балалардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне араласпайды.

Алайда, ата-аналардың немесе балалардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуінде баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ ҚР-ның конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған әрі діни бірлестіктердің қызметі Қазақстанның заңдарына қайшы келетін болған жағдайларда мемлекеттік билік органдары араласуға құқылы.

Мемлекеттік органдар діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді, әрі діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды, сондай-ақ діни бірлестіктер де өз тарапынан мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды, олардың қызметіне араласпайды, саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді және саяси қызметпен айналыспайды.

Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан азаматтары саяси өмірге ҚР-ның барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана

қатыса алады.

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметшілер арқылы мемлекет азаматтарды, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қандай да бір дінді қабылдауға немесе ұстанбауға мәжбүрлей алмайды, бірақ дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара келісім, төзушілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі.

**Осы заң** бойынша мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен байланысты басқа да қызметтердің, білім беру ұйымдарының (діни білім беру ұйымдарын қоспағанда) аумағында және ғимараттарында құдайға қызмет етуге (боголужение), діни жораларды, рәсімдерді және жиналыстарды өткізуге, сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске** сәйкес, бұл норма, яғни діни жораларды, рәсімдерді және жиналыстарды өткізуге белгіленген талаптар бұзылған жағдайда айыппұл салу қарастырылған [25].

Алайда, **«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңына** сәйкес, адамдардың діни наным-сенім құқығын шектемеу мақсатында – қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырған, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетуден өтетін, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының емделушілері болып табылатын адамдарға олардың немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша салт жораларының қажеттілігі жағдайында ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Бұл ретте діни жораларды, рәсімдерді және жиналыстарды өткізу көрсетілген мекемелердің қызметіне кедергі келтірмеуге, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

**Осы кодекстің 122-бабына сәйкес**, діни бірлестіктердің сайлау алдындағы үгіт жүргізуі мен кез келген сайлау алдындағы үгіттеу материалдарын таратқаны айыппұл салынады.

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заң** бойынша мемлекеттік қызметшілер лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде діни бірлестіктердің қызметінен бейтарап және тәуелсіз болуға міндетті [26].

**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі** бойынша мемлекеттік қызметшілер әріптестеріне өзінің діни нанымдарын таңбауға (не навязывать), қол астындағы қызметшілерді діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуге тиіс [27].

**Саяси партиялар туралы заңына** сәйкес саяси партияның атауында діни белгілерді көрсетуге жол берілмейді, саяси партияға мүше

болу діни белгілер бойынша шектелмеуге тиіс, азаматтардың діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол берілмейді, әрі саяси партияға және оның құрылымдық бөлімшелеріне діни бірлестіктерден қайырмалдық (пожертвование) алуға жол берілмейді [28].

**Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заң** бойынша әскери қызметші діни бірлестіктерде тұруға құқылы емес [29].

**Жарнама туралы заңға** сәйкес, жарнама діни астамшылықты насихаттау немесе үгіттеу үшін пайдаланылмауға тиіс [30].

**Педагог мәртебесі туралы заңға** сәйкес, педагог білім беру процесін діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, діни тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін не астамшылығын насихаттайтын, діни дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін пайдалануға құқылы емес [31].

**Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі** бойынша, тек мемлекеттік органдар қиған неке ғана танылады да, діни жоралар мен рәсімдер бойынша қиылған неке тіркеуші органдарда тіркелген некеге теңестірілмейді және тиісті құқықтық салдарлар тудырмайды, деп қарастырылған [32].

**Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңға** сәйкес, діни басымдықты насихаттау немесе үгіттеу бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтата тұруға негіз болып табылады [33].

**Мемлекеттік жастар саясаты туралы заң** бойынша, жастардың волонтерлік қызметі діни бірлестіктерді қолдауға бағытталмауға тиіс [34].

**Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңға** сәйкес, балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытты өткізетін өзге де ұйымдарында, лагерьлері мен санаторийлерінде құдайға құлшылық (богослужение) етуді, діни жораларды, рәсімдерді және жиналыстарды өткізуге, сондай-ақ діни ілімдерді таратуға бағытталған іс-әрекеттерге жол берілмейді [35].

***Адамдардың діни сенім бостандығы бойынша құқықтарын сақтау***

Ата заңда, әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар және дінге көзқарасы бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды, деп қарастырылған (14-бап) [3].

**Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңына** сәйкес, әркім ҚР-ның заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға **құқылы**. ҚР-ның азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, діни бірлестіктер өздерінің қалауы бойынша діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды **сатып алуға және пайдалануға құқылы**.

Сондай-ақ, ҚР-ның азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір **мәжбүрлеуге** жол берілмейді.

ҚР-ның азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен немесе олардың **денсаулығына өзге де зиян келтірумен** не ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (**отбасының бұзылуымен**) немесе **туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен**, имандылыққа нұқсан келтірумен, адамның және азаматтың **құқықтары мен бостандықтарын бұзумен**, азаматтарды ҚР-ның Конституциясы мен заңдарында көзделген **міндеттерін атқарудан бас тартуға түрткі болумен** ұштасатын діни бірлестіктер қызметіне жол берілмейді.

Сонымен қатар ҚР-ның азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық арқылы және олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде ҚР азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып **бопсалау**, **күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту** жолымен не **алдау жолымен** өз қызметіне **мәжбүрлеп** тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді. Діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен шығаруға **мәжбүрлеуге** жол берілмейді.

Діни бірлестіктің басшысы кәмелетке толмағандардың ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері **қарсылық білдірген кезде** кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және қатыстыруға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

**Қылмыстық кодекс** бойынша, адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын дінге көзқарасына және нанымына тікелей немесе жанама шектеу қылмыстық құқықбұзушылыққа жатады [36].

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске** сәйкес, жеке тұлғалардың азаматтық құқықтарын дінге көзқарасы себептері бойынша бұзу немесе олардың **діни сезімдерін қорлау не қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіру**, егер жоғарыда баяндалған барлық әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, айыппұл салынады.

**Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне** сәйкес, сотталғандарға ар-ұждан және діни сенім бостандығы құқығына кепілдік беріледі. Діни жораларды орындау ерікті болып табылады және діни жораларды орындау кезінде жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ішкі тәртіптеме қағидалары сақталады.

Сотталғандардың немесе олардың туыстарының өтінуі бойынша салт-ғұрыптарды атқару қажет болған жағдайда, ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметшілері шақырылады. Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі

діни жораларды орындау үшін жағдай жасайды, сондай-ақ дін қызметшілері жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді [37].

**Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі бойынша**, ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде дінге көзқарасына және нанымына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды [38].

**Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңға** сәйкес, діни білім беру ұйымдарында білім алып жүрген азаматтарға оқитыны туралы растайтын құжаттарды ұсынған ретте білім алуды жалғастыру үшін әскери қызметке шақыру кейінге қалдыралады [29].

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң** бойынша, көрсетілетін қызметті алушылардың дінге көзқарасына және нанымына қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізу мемлекеттік қызметтердің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады [39].

«Дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарда» дін саласындағы уәкілетті органдар мен жетекші халықаралық құқық қорғау ұйымдары арасындағы дін саласындағы өзекті мәселелер, оның ішінде азаматтардың ар-ождан мен діни сенім бостандығына құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты белсенді кеңейту жайында айтылған.

Құжатқа сай, азаматтық қоғамның, оның ішінде діни бірлестіктердің әлеуетін дін саласында орын алып отырған мәселелерді шешу үшін, сондай-ақ елдегі діни құқықтарды сақтау мәселелері бойынша пайдалану қажеттігі туындайды.

Өз кезегінде **БҰҰ-ның терроризмге қарсы күрестегі адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын көтермелеу және қорғау туралы** Арнайы баяндамашысы Финнуала Ни Илойн 2019 жылдың мамыр айында Қазақстанға сапарының қорытындысы бойынша «ұлттық заңнамада және практикада «экстремизм» терминін қолдануға» алаңдаушылық білдірген. Ол ұлттық заңнамадағы «экстремизм», «діни өшпенділік немесе дұшпандық» ұғымдарының бұлыңғыр тұжырымы дін бостандығын заңсыз шектеу үшін қолданылады деген қорытындыға келген [40].

Адамдардың діни наным-сенім бостандығы құқықтарын қорғау мәселесі бойынша **ҚР-дағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл** институтының орны ерекше деп айтуға болады. Мысалы, оның қызметінің 2015-2021 жылдар кезеңіндегі есептеріне сәйкес, діни наным-сенім бостандығы құқықтары бойынша азаматтардың және діни бірлестіктер өкілдерінің тарапынан 7 жыл ішінде 115 арыз келіп түскен [41].

Олар Адам құқықтары жөніндегі уәкілге ЖАО-дың жекелеген лауазымды адамдарының діни бірлестіктер туралы дәйексіз мәлімдемелерге жол беру, діни қызметшілерді әскери қызмет өткеруден босатудан бас тарту, жекелеген діни бірлестіктерге сенушілердің діни сезімдерін қозғаған білім беру мекемелерінде заңсыз дәрістер өткізу сияқты заңсыз әрекеттері бойынша шағымданған.

***Мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды дамыту және***

***конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету***

Қазақстан – көп конфесиялы мемлекет, сондықтан да конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту, сәйкесінше уәкілетті мемлекеттік органдар үшін діни бірлестіктермен өзара ынтымақтастықты орнату мен дамыту еліміздің дін салындағы мемлекеттік саясатын іске асырудағы басым бағыты болып есептеледі.

Конституциясына сәйкес, конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады (19 бап).

Статистика деректеріне сүйенсек, 2022 жылдың 2 тоқсаны бойынша елде 3 853 діни бірлестіктер мен олардың филиалдары, яғни 18 конфессия тіркелген [42].

Оның ішінде: Ислам – 2716, Православие – 345, Елуіншілер – 228, Баптистер – 186, Пресвитериандар – 107, Католицизм – 88, Ехоба Куәгерлері – 60, Жетінші күн Адвентистері – 40, Жаңа апостолшылдар – 24, Лютерандар – 14, Кришнаиттер – 12, Методистер – 11, Иудаизм – 7, Бахаилар – 6, Меннониттер – 4, Мормондар – 2, Буддизм – 2 және Мунитер – 1 діни бірлестік болып тіркеуден өткен.

2002 жылдың 6 мамырында ҚР Үкіметі жанынан консультативтік-кеңесші орган ретінде Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылды [43]. Кеңес қызметін ұйымдастыру-талдау жағынан қамтамасыз ету үшін ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің құрылымдық бөлімшесі ретінде 4 штаттық бірліктен тұратын Хатшылық құрылды.

Осы кезеңнен бастап ЖАО-ында діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі жергілікті кеңестер құрыла бастады. Қазіргі уақытта облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда консультативтік-кеңесші орган ретінде Діни бірлестіктер көшбасшыларының клубы (кеңесі) жұмыс істейді [44]. Мұндай алаңдардың негізгі міндеті – азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету, рухани келісімді нығайту және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру саласындағы мемлекеттік саясат бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу; әртүрлі діни бірлестіктері арасында өзара түсіністік пен төзімділікті нығайту, сондай-ақ оларға қажетті ұйымдастырушылық және өзге де көмек көрсету.

2017 жылдың 8 қыркүйегінде Кеңес таратылып [45], 23 қазанда Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің жанында құрылады [46]. Алайда, 2022 жылдың 5 мамырында бұл Кеңестің де қызметі тоқтатылады [47].

2019 жылғы 25 сәуірде «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Н.Назарбаев орталығы) құрылды [48].

Оның қызметінің негізгі нысанасы – ҚР-ның Тұңғыш Президенті – Елбасының конфессияаралық және өркениетаралық диалогты сақтау және қамтамасыз ету, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің идеяларын көпшілікке тарату жөніндегі бастамаларын халықаралық деңгейде

ілгерілету.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі әрбір 3 жылда 1 рет өтетін 2-3 күндік имидждік іс-шара. 2003 жылдан бері 386 делегацияның қатысуымен Сиездің 6 отырысы өткен. Оған ислам, христиан, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм және өзге дәстүрлі діндер басшылары мен өкілдері келген [49]. 2022 жылдың 12-14 қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында VII Сиездің отырысы жоспарлануда.

Сиездің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

– дінаралық және конфессияаралық дәстүрлерді дінаралық съездер түрінде нығайту;
– діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты тереңдету мен бекіту;
– өшпенділік пен экстремизмге қарсы толеранттылық пен өзарасыйластық мәдениетін дамыту;
– діндерді қарсы қоюда және теалогиялық пікір-таластарды әрі қарай саясаттандыруда, сондай ақ бір дін тарапынан екінші діннің беделін түсіруге талпыныста көрініс табатын «өркениеттер қақтығысы» тезисінің басым болуына жол бермеу;
– өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы жаһандық диалогты ілгерілету.

**Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңға** сәйкес, мемлекеттік органдар терроризмге қарсы ақпараттық-насихаттық іс-қимылды ұйымдастыруға діни бірлестіктер өкілдерінің қатысуын ынталандыруға міндетті [50].

Осы орайда дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарда **діни бірлестіктер өкілдерін тарта** отырып қоғамда деструктивті идеологияның таралуына жол бермеуге бағытталған шараларға мемлекеттік бюджеттен жылына **1 057 000 000 тенге** бөлінетіні көрсетілген.

Сондықтан бұл маңызды жұмыстар уәкілетті мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жолымен, яғни мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды дамыту арқылы іске асып жатқанын байқауға болады.

Бұдан бөлек Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың тағы бір көрінісі ретінде тіркеуден өткен діни бірлестіктер үшін салық жеңілдігін айтуға болады.

Мәселен **Салық кодексі** бойынша, діни бірлестіктер жер салығынан және мүлік салығынан босатылған. Сондай-ақ, діни бірлестіктер әкелетін діни мақсаттағы заттардың импорты бойынша, діни мақсаттағы заттарды өткізу және діни жоралар мен рәсімдер өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан (НДС) босатылған [51].

Ал, **Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңға** сәйкес, тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері бейбіт уақытта әскери қызметке шақырудан босатылады [29].

**Мемлекеттік мүлік туралы заң** бойынша, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ЖАО мемлекет меншігіндегі ғибадат үйлерін және ғибадат ету мақсатындағы өзге де мүлікті діни бірлестіктердің меншігіне беруге құқылы. Діни бірлестіктердің өздеріне ғибадат ғимараттарын іргелес жатқан аумағымен қоса берілуіне басым құқығы бар [52].

***Діни экстремизмнің алдын алу***

**Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңға** сәйкес, **діни экстремизм бұл** – діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды көздейтін әрекеттер ұйымдастыру және (немесе) жасау [53].

Қазақстанда діни экстремизмнің алдын алу мәселесі 1999-2000 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді.

1999 жылдың 13 шілдесінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданса [50], 2000 жылдың 10 ақпанында «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің Жарлығы шығады.

Жарлықта терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю, олардың Қазақстан аумағында таралуына жол бермеу мақсатында екі жақты және көп жақты мемлекетаралық қатынастар нысандарында визалық режимді ретке келтіру, қару-жарақты, оқ-дәрілерді және әскери техниканы сақтауға, пайдалануға және әкелу мен әкетуге бақылауды күшейту, туристік және өзге де миграциялық ағындарды мемлекеттік реттеу мен бақылау жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу, терроризмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылу, сондай-ақ терроризм мен экстремизмге қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастық орнату, осы салада оң тәжірибесі бар елдермен тәжірибе алмасу және мамандар даярлау туралы халықаралық шарттар жасасу қарастырылған.

Сондай-ақ, **діни бірлестіктердің қызметіне мониторинг жүргізу**, **елде таратылатын әдебиетке дінтанымдық сараптама жасау**, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан аумағында болу тәртібін сақтауына қатаң бақылау, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын **халықаралық алмасулар ісіне сараптама жүргізу**, жалпы білім беретін **мектептердің жоғарғы сыныптары үшін дінтаным негіздері жөнінде бағдарлама мен оқулық әзірлеу** көзделеген.

Сонымен қатар **діни бірлестіктер мен діни оқу орындарының**, сондай-ақ шетел қатысатын қайырымдылық, мәдени және білім беру ұйымдарының **заңдылықты сақтауын тексеру** жөнінде тапсырмалар берілген [54].

Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында онжылдыққа, яғни **2013-2017 және 2018-2022** жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалар қабылданып [55, 56], оларды жүзеге асыруға бюджеттен **373 млрд тенге** қарастырылған.

Осы мақсатта діни бірлестіктер өкілдерін тарта отырып ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу үшін 2021-2023 жылдарға қосымша **3, 171 млрд тенге** қарастырылған [21].

Жастардың діни білім алуға шетелге кетуін азайту мақсатында қазақстандық жоғары оқу орындарында оқу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ЖАО жыл сайын «исламтану», «дінтану» және «теология» мамандықтары бойынша білім гранттарын бөледі. Осы мамандықтарға тек 2019-2020 оқу жылына **мемлекеттік оқу тапсырысы** аясында 430 білім гранты бөлінген.

«Радикалдық идеологиядан зардап шеккен адамдарды оңалтуды және бейімдеуді ұйымдастыру» **мемлекеттік әлеуметтік грантын** іске асыру шеңберінде «Ақниет» қоғамдық қоры тергеуде жүрген, экстремизм мен терроризм үшін сотталған адамдармен және олардың отбасы мүшелерімен жыл сайын оңалту және деррадикаландыру бойынша іс-шаралар жүргізуде. Мысалы, қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде оңалту іс-шараларымен 138 сотталған қамтылып, теолог-мамандардың бағалауына сәйкес олардың 9-ы оңалтылған, 91-і қалыпты позицияға бейімделген және 38-і өз ұстанымдарында қалған.

Бұдан басқа, Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сәйкес пенитенциарлық мекемелерде 3513 сотталған адамның қатысуымен 1625 іс-шара ұйымдастырылған, оның ішінде 506 адамның қатысуымен 1149 жеке кездесу және 2988 адамның қатысуымен 476 жалпы профилактикалық іс-шара болған. Нәтижесінде 165 сотталған адам оңалтылған [57]. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға 2020-2022 жылдарға **290 млн тенгеге жуық қаражат** қарастырылған [57].

Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында дін саласындағы уәкілетті органның үйлестіруімен ЖАО **ауқымды әрі кешенді түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.**

2021 жылы құрамында 2 899 маманмен қамтылған 232 ақпараттық-түсіндіру тобы (бұдан әрі – АТТ) 28 мыңнан астам түрлі форматтағы іс-шаралар өткізген [58]. 2020 жылғы 1 қазандағы деректер бойынша Қазақстанда құрамында 2 505 мүшесі бар 229 АТТ 2020 жылдың алғашқы 8 айында мамандардың қатысуымен 1 млн. 600 мың адам қамтитын 12 665 іс-шара өткізген. 2019 жылы құрамында 2393 мүшесі бар 224 АТТ 2 005 257 адамды қамтитын 35 523 іс-шара өткізген. Деректерге сәйкес, 2012 жылы Республикада 170 астам АТТ қызмет жасап, олар 200 мыңнан астам адамды қамтыған 3 450 іс-шара жүргізген. 2013 жылы 500 АТТ жүргізген іс-шараларына 1,5 млн адам қатысқан. 2017 жылы мүшелерінің саны 3,5 мың адамды құрайтын 249 өңірлік АТТ қызмет етіп, олардың қатысуымен 1 млн. 800 адамды қамтыған 17 мыңға жуық іс-шара жүргізілген [22].

Интернет кеңістігінде діни экстремизмнің алдын алу үшін тек 2021 жылы БАҚ пен әлеуметтік желілерде **133 мыңнан астам материал** орналастырылған. Діни экстремизм мен терроризмді насихаттайтын **220 мыңнан астам материал** бұғатталған немесе жойылған. Деструктивті діни

насихат көздерінен тарту бойынша атаулы жұмыстың нәтижесінде **156 мыңнан астам адам** әлеуметтік желілердегі радикалды діни топтардан шыққан [58].

2013 жылдан бастап **мемлекеттік грант** есебінен діни экстремизмнің алдын алу мақсатында kazislam.kz (бұрын – eislam.kz) ақпараттық сайты жұмыс істейді [59, 60].

***Діни және миссионерлік қызметті мемлекеттік реттеу***

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы бойынша, **«діни қызмет»** дегеніміз – діндарлардың **діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға** бағытталған қызмет. Ал, **«миссионерлік қызмет»** – ҚР азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың дінге үндеу мақсатында Қазақстан аумағында **діни ілімді таратуға** бағытталған қызмет болып саналады.

Қазақстанда діни және миссионерлік қызметті реттеу – діни бірлестіктер мен миссионерлерді тіркеу, оларға осы бағыттағы мемлекеттік қызметтерді көрсету және дінтану сараптамасын жүргізу арқылы реттеледі.

**«Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына»** сәйкес, бүгінгі таңда 6 мемлекеттік қызмет қарастырылған [61]:

1) «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу»;

2) «ҚР аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктерінің басшыларын тағайындауын келісу»;

3) «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру»;

4) «Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

5) «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру»;

6) «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру».

*«ҚР аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктерінің басшыларын тағайындауын келісу»* туралы мемлекеттік қызметін АҚДМ Дін істері комитеті көрсетеді, ал қалған мемлекеттік қызметтерді ЖАО көрсетеді.

Сонымен қатар **«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»** заңының 9-бабына сәйкес, діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды әзірлеуге, шығаруға және таратуға дінтану сараптамасының оң қорытындысы алынғаннан кейін жол беріледі.

Сондықтан дін саласындағы уәкілетті орган дінтану сараптамасын

жүргізуді қамтамасыз етеді. **«Дінтану сараптамасын жүргізу қағидалары»** бойынша сараптама объектілеріне:

- діни бірлестіктердің құрылтай құжаттары;
- діни мазмұндағы құжаттар (діни бірлестіктердің құрылымы, діни ілім негіздері, діни практикасы, діни қызметтің нысандары мен әдістері бар);
- діни білім беру бағдарламалары;
- діни мазмұндағы ақпараттық материалдар, діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар жатады.

Сараптама нәтижелері бойынша ұсынымдық сипаттағы **сараптама қорытындысы** жасалады, онда сараптама объектісінің Қазақстанның аумағында пайдалануға және таратылуға ұсынылатыны немесе ұсынылмайтыны көрсетілетін сарапшының тұжырымы көрсетіледі.

Дінтану сараптамасын жүргізуге келесілер негіз болады:

- жеке және (немесе) заңды тұлғалардың уәкілетті органға өтініштері;
- ҚР ұйымдарының кітапхана қорларына, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіге діни әдебиеттің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың келіп түсуі;
- жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу және діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініші;
- жеке пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың әкелінуі;
- көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұйрығы;
- діни әдебиеттің және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың әзірленуі, шығарылуы және таратылуы [62].

**«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»** заңының 13-бабына сәйкес, діни бірлестік он сегіз жасқа толған, құрылтай жиналысын шақыратын ҚР азаматтарының бастамасы бойынша құрылады, онда діни бірлестікті құру, оның атауы, жарғысы туралы шешімдер қабылданады және оның басшылық органдары құрылады. Діни бірлестік оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне ие болады.

Қазақстан жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін. Ал, республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында діни білім беру ұйымдарын құруға құқылы.

Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР-ның Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Ұсынылған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексерудің, жүргізілген дінтану сараптамасының, діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтардың тізімін тексерудің нәтижелері бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу

туралы немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Сонымен қатар ҚР-ның **азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті** тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асыра алады (8 бап).

Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары құжаттар берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізеді. Сондай-ақ, ҚР-ның аумағындағы миссионерлер жергілікті атқарушы органдарында жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті. Миссионерлердің діни мазмұндағы материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануына **дінтану сараптамасының оң қорытындысын** алғаннан кейін жол беріледі.

**1-ші тарауша бойынша қорытынды**

**Бірінші.** Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары ретінде келесіні атауға болады:

1) мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету;

2) адамдардың діни сенім бостандығы бойынша құқықтарын сақтау;

3) мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды дамыту және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету;

4) діни экстремизмнің алдын алу;

5) діни және миссионерлік қызметті мемлекеттік реттеу.

**Екінші.** Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруда діни экстремизмнің алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жүргізуге басымдық берілгені және оның орны ерекше екені байқалады. Салалық саясаты іске асыру аясында мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттар мен мемлекеттік құрылымдардың ресурстары (қызметі) аталған негізгі бағыттардың ішінде діни экстремизмнің алдын алу мен оған қарсы іс-қимыл жүргізу мәселелеріне арналған. Одан кейін *«мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды дамыту және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету»* мен «*діни және миссионерлік қызметті мемлекеттік реттеу*» мәселелеріне арналған.

**Үшінші.** Аталған негізгі бағыттардың ішінде діни экстремизмнің алдын алу мәселелері, яғни *«профилактика»*, *«оңалту»*, *«радикалсыздандыру»*, *«деструктивті (қатерлі) діни идеология мен ағымдар»*, *«діни радикализм»* ұғымдары және олардың қолдану аясы еліміздің заңнамалық базасында және осы бағытта басшылыққа алынатын бағдарламалық құжаттар мен жоспарларда терминологиялық аппарат тұрғысынан нақты көрініс таппаған [63].

**Төртінші.** *«Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету»* және *«адамдардың діни наным-сенім бостандығы бойынша құқықтарын сақтау»* бағыттары нормативтік-құқықтық актілерде басқа бағыттарға қарағанда әлдеқайда кеңінен әрі тереңірек қарастырылғанымен,

оларды іске асыру жөніндігі іс-шаралардың көлемі өте аз, сәйкесінше мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттар да көзделмеген.

**Осылайша** біз Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі және басым бағыттарын анықтай келе, келесі тараушада оларды іске асыратын негізгі мемлекеттік органдардың, яғни уәкілетті орган мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың құзырлы ЖАО-ның қызмет нысанына, міндеттері мен функцияларына талдау жасаймыз.

## 1.2 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы мемлекеттік органдардың міндеттері мен функциялары

**Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңына** сәйкес, **уәкілетті орган** – діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (1-бап), ал оның құзыреттері, яғни міндеттері мен функцияларына (4-бап):

1) діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;
2) республикадағы діни ахуалды зерделеуді және талдауды жүргізу;
3) ҚР-ның аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, діни білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізу;
4) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
5) діни қызмет саласында жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;
6) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асыру;
7) дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз ету;
8) шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;
9) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың ҚР-дағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауды келісу;
10) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қызметін үйлестіру;
11) өз құзыреті шегінде діни қызмет және діни бірлестіктер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
12) дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекітеді;
13) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс

жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

14) ҚР-ның діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

15) құқық қорғау органдарына ҚР-ның діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізу, кіреді.

Ал, Заңның 5-бабына сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖАО-ға *«діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері»* бойынша мынадай құзыреттер жүктелген:

1) өңірдегі діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізу;
2) өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізу;
3) уәкілетті органға ҚР-ның діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
4) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
5) құқық қорғау органдарына ҚР-ның діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізу;
6) ҚР-ның діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
7) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
8) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы діни бірлестіктер берген хабарламаларды қарау;
9) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім қабылдау;
10) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз ету;
11) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізу.

ҚР-ның Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) – **діни қызмет, конфессияаралық келісім салаларында**

басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган [64].

Сонымен бірге, дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдарға 1-кестеде көрсетілген органдарды жатқызуға болады:

1-кесте – Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдар

| № | Бағыттар | Мемлекеттік органдар |
|---|---|---|
| 1 | Орта білім беру ұйымдарында *«Зайырлылық және дінтану негіздері»* пәнін оқыту және орта кәсіби діни оқу орындарында (колледж-медресе мен христиан семинариялары) діни білім беру бойынша [65] | ҚР Оқу ағарту министрлігі |
| 2 | Жоғары оқу орындарында *«исламтану», «дінтану», «теология»* және *«тарих-дінтану»* мамандықтарын дайындау бойынша [65] | ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 3 | Діни себептер негізінде екпе алудан, трансплантациядан және өзге де медициналық көмектен бас тарту жағдайларын алдын алу бойынша | ҚР Денсаулық сақтау министрлігі |
| 4 | Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың қызметін тоқтату, сот-дінтанулық сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша | ҚР ӘМ |
| 5 | Мемлекеттік басқару мен қызмет саласында зайырлылық қағидаттарының сақталуы бойынша | ҚР Мемлекетік қызмет істер агенттігі |
| 6 | Дін саласындағы заңнаманы бұзатын тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде сотқа жүгіну бойынша | ҚР Бас Прокуратурасы |
| 7 | Діни экстремизмнің жолын кесу, дін саласындағы құқық бұзушылықты анықтау және әкімшілік хаттама толтыру; діни экстремизм мен терроризм үшін сотталғандарды түзету мәселелері бойынша | ҚР Ішкі істер министрлігі |
| 8 | БАҚ-да діни экстремистік мазмұндағы материалдардың таралуына жол бермеу және бұғаттау мәселесі, діни БАҚ-ын тіркеу бойынша | ҚР АҚДМ<br>Ақпарат комитеті |
| 9 | Мәдениет саласында зайырлылық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша | ҚР Мәдениет және спорт министрлігі |
| 10 | Халал стандарттарын реттеу және дамыту бойынша | ҚР Сауда және интеграция министрлігі |
| 11 | Исламдық қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша [66] | ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін |
| 12 | Конфессияаралық қатынастарды дамыту саласындағы саясатты қалыптастыру және жетілдіру, конфессияаралық салада тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу; ҚР Президенті мен ҚР Президенті Әкімшілігі басшылығының діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша | ҚР Президентінің Әкімшілігі |
| Ескертпе – Автор [65, 66, 67, 105] деректеріне сәйкес құрған | | |

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың ішінде ҚР Президенті Әкімшілігінің орны ерекше. Себебі, оған конфессияаралық қатынастарды дамыту саласындағы саясатты қалыптастыру мен жетілдіру, конфессияаралық салада тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу және ҚР Президенті мен ҚР Президенті Әкімшілігі басшылығының діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша функциялар жүктелген [67].

**Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңына** сәйкес, **жергілікті атқарушы орган** (әкімдік) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган [68].

Осыған байланысты, уәкілетті орган мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың құзырлы ЖАО-ның қызмет нысанына, міндеттері мен функцияларына талдау жасау үшін олардың ережелерін зерделейміз [69-83]. Нұр-Сұлтан қаласы мен Түркістан облысы Дін істері басқармаларының ережелері ресми сайттарында болмауына байланысты әрі Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының ЖАО енді ғана құрылу үстінде болғандықтан оларға талдау жүргізілмеді.

***1. Қызмет нысаны***

Дін істері басқармаларының қызмет нысаны (предмет деятельности) әртүрлі мазмұнда бекітіліп, ұғымдық тұрғыдан едәуір қателіктер орын алған. Мысалы, Қызылорда облысы Қоғамдық даму басқармасының қызмет нысаны – *«діни қызмет саласындағы функцияларды жүзеге асыру»*, Ақтөбе облысы Дін істері басқармасының қызмет нысаны – *«мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруын жүзеге асыру»*, ал Алматы қаласы Дін істері басқармасының қызмет нысаны – «*Алматы қаласының аумағында діни саясат саласындағы үйлестіруді жүзеге асыру»* болып анықталған.

Шымкент қаласы, Алматы, Маңғыстау, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары Дін істері басқармаларының қызмет нысаны – ***«діни қызмет*** *саласында басшылықты жүзеге асыру»* болса, Атырау, Жамбыл, Батыс пен Солтүстік Қазақстан облыстарының Дін істері басқармаларының қызмет нысаны – *«дін саласында басшылықты жүзеге асыру»*.

***2. Міндеттері***

Заңда құзырлы органдардың міндеттері нақты анықталмаған. Сондай-ақ, олардың құзыреттері жалпы көрсетілгенімен, міндеттері мен функцияларының ара жігі айқындалмаған.

Нәтижесінде, Министрлік пен Дін істері басқармаларының міндеттері ережелерінде қате бекітілген. Заңға сәйкес, *«діни қызмет»* – діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тек діни бірлестіктер мен миссионерлердің қызметі. Алайда, діни қызметті реттейтін Министрліктің ережесінде *«діни қызметке қатысу»* оның міндеті болып

бекітілген.

Шымкент қаласы Дін істері басқармасының міндеттерінің бірі ретінде *«азаматтардың діни нанымдар бостандығына құқықтарын **қалыптастыруды қамтамасыз ету** саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын **қалыптастыру** бойынша ұсыныстар әзірлеу»,* деп көрсетілген. Ал, *«мемлекеттің зайырлылық қағидасын дамыту саласында **мемлекеттік реттеу»*** Алматы қаласы Дін істері басқармасының миссиясы болып бекітелген. Тек уәкілетті органның құзыретіне кіретін *«дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз ету»* функциясы Атырау облысы Дін істері басқармасының міндеттерінің бірі болып бекітелген.

Дін істері басқармаларының көпшілігі міндет ретінде – *«адамдардың діни сенім бостандығын қаматмасыз ету, діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша **ұсыныстар әзірлеу»**,* деп көрсеткен.

«Әкімшілік басқарудың теориясы» бойынша **мамандардың алдына тиісті міндеттерді қою** – жұмысты ұйымдастырудың әлеуметтік аспектісіне жатады.

***3. Функциялары***

Министрлік пен Дін істері басқармаларының барлығы ережелерінде функциялар бойынша Заңның 5-бабында көрсетілген нормаларға сүйенген. Діни экстремизмнің алдын алу мәселелері бойынша Министрлік пен 6 өңірде ғана қосымша функциялар көрсетілген (*Алматы қаласы, Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Қостанай және Маңғыстау облыстары*).

*«Құқық қорғау органдарына ҚР-ның діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізу»* функция ретінде Министрліктің де, барлық Дін істері басқармаларының да ережелерінде бекітілген, әрі бұл норма Заң бойынша жүктелген.

**2-ші тарауша бойынша қорытынды**

**Бірінші.** Заңда *«дін саласындағы мемлекеттік саясат»* ұғымы айқындалмаған. Заң бойынша, уәкілетті орган тек *«діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді»* жүзеге асыратын мемлекеттік орган ретінде танылса, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың ЖАО *«діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері»* бойынша жергілікті деңгейдегі құзырлы органдар ретінде көрсетілген.

Сәйкесінше, зайырлы қағидаттарды ілгерлету, адамдардың діни сенім бостандығы мен конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету және діни экстремизмнің алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру аталған органдардың құзыреті ретінде қарастырылмаған.

**Екінші.** Осы себепке байланысты Дін істері басқармалары мен Министрліктің қызмет нысаның, міндеттері мен функцияларын бекітуде олқылықтар орын алған. Бұл өз кезегінде қызметкерлердің фунционалдық

міндеттерін қате анықтауға, салалық бағдарламаларды сапасыз әзірлеуге және жүзеге асыруға, бюджеттен бөлінетін қаражаттың тиімсіз жұмсалуына апаруы мүмкін. Сәйкесінше құзырлы органдардың қызметі дисфункционалдыққа ұшырап, алға қойылған стратегиялық мақсаттарға жеткізуге мүмкіндік бермейді.

**Үшінші.** Заңда және Министрліктің ережесінде министрлік, уәкілетті орган ретінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖАО-ның, яғни әкімдіктерге қарасты Дін істері басқармаларының *«діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қызметін **үйлестіру**»* функциясы қарастырылған. Алайда, *«дін саласындағы мемлекеттік саясат»* жөніндегі ұғым бойынша және олардың қызметтік нысанын, міндеттері мен функцияларын анықтау бойынша Министрлік тиісті үйлестіру жұмыстарын жүргізбейді деген қорытындыға келуге болады.

**Төртінші.** Министрліктің ережесінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖАО-ның қызметін салалық саясаттың іске асуы бойынша бақылау-қадағалау жұмыстарын жүргізу функциясы мүлдем қарастырылмаған. Бұл өз кезегінде Министрліктің қалыптастырған салалық саясатының елді мекендерде іске асырылу деңгейін толыққанды, объективті әрі жан-жақты анықтып, бағалауға және салалық саясатқа дер кезінде қажетті өзгерістер енгізуге мүмкіндік бермейді.

А.Файольдің теориясына сәйкес, «бақылау функциясы» ұйым қызметінің қабылданған жоспарларға, қағидаттарға және қолданыстағы нұсқаулықтарға **сәйкестігін қамтамасыз ету үшін керек**. Ол кері байланыс үдерісін ынталандырып, өзгеретін жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді.

**Бесінші.** ҚР Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөліміне дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жетілдіру, атап айтқанда конфессияаралық қатынастарды дамыту және конфессияаралық салада тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу бойынша функциялар жүктелген.

**Осылайша**, біз 1-ші тарауда Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын қарастырдық, оны іске асырушы мемлекеттік органдардың қызметтік нысанын, міндеттері мен функцияларын талдап, ерекшеліктеріне тоқталдық. Келесі тарауда олардың дін саласындағы саясатты іске асыруда өзара іс-қимылын ұйымдастырудың өзекті мәселелерін зерделейтін боламыз.

# 2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДІН САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

## 2.1 Дін саласындағы саясатты іске асырудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырудың өзекті мәселелері

ҚР-ның дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асырудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы ұйымдастырудың өзекті мәселелерін анықтау үшін уәкілетті органдар мен құрылымдардың құрылу барысын, осы бағыттағы нормативтік-құқықтық актілердің әзірленуі мен қабылдануын және тиісті мемлекеттік бағдарламарлар мен құжаттардың мазмұнын зерделейміз.

**1992 жылғы 15 қаңдарда** қабылданған ҚР-ның «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) 6 бабына сәйкес **діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік органды** ҚР-ның Президенті құрады және оған келесідей функциялар жүктеледі:

1) ҚР-ның жоғары билік және басқару органдарын Республикадағы діни ахуалдың жай-күйі және діни сенім бостандығы туралы заңнаманың сақталуы туралы хабардар ету;
2) басқа мемлекеттердің тиісті мекемелерімен байланыс және үйлестіру байланыстарын орнату және қолдау;
3) республикада тіркелген діни бірлестіктер туралы деректер банкін құру және толықтыру;
4) діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдерінің, дінтанушылардың, заңгерлердің және ар-ождан бостандығы мен адам құқықтары саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз ету;
5) ел ішіндегі және шетелдегі әртүрлі діни нанымдағы діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік пен төзімділікті нығайту және діни бірлестіктердің өтініші бойынша заңнамаға сәйкес оларға қажетті көмек көрсету [84].

**2005 жылғы 30 желтоқсанда** ҚР Әділет министрлігіне *«азаматтардың діни сенім және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету»* функциясы беріліп, оның құрамында Дін істері комитеті құрылды [85]. Ол азаматтардың діни сенім және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство, яғни мемлекеттік орган ретінде айқындалды.

Осы сәттен бастап Әділет министрлігі дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырушы, яғни уәкілетті орган болды деп есептеуге болады.

**2007 жылы 5 желтоқсанда** ҚР ӘМ әзірлеген «Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мен мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіру жөніндегі 2007-2009 жылдарға

арналған бағдарлама» қабылданды [86].

Бардарламада оны әзірлеуге негіздеме болған деп ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары деп көрсетілген.

2 жыл 1 айға арналған бардарламаны жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен **177, 7 млн. тенге қарастырылған**.

**Бағдарламаның мақсаты** – ҚР азаматтарының діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін конфессияаралық келісімді сақтау және жағдайларды дамыту. Оның негізгі міндеттері келісідей анықталған:

1) түрлі діни сенімдегі діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністікті, төзімділікті және олардың мемлекетпен өзара іс-қимылын нығайту;
2) мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктер арасында әлеуметтік ынтымақтастықты дамыту;
3) **діни ахуал мониторингі, оны талдау және болжау жүйесін жетілдіру; дін саласында ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізу;**
4) азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыру саласындағы заңнаманы және діни бірлестіктердің қызметін жетілдіру;
5) мемлекеттік қызметші кадрлардың дінтану сауаттылығы деңгейін арттыру.

2-кесте – 2007-2009 жылдарға арналған бағдарлама жоспарының міндеттері мен іс-шаралары

| Іс-шаралар саны – 23 | | | |
|---|---|---|---|
| №1 міндет<br>Жаңа қоғамдық-саяси жағдайда мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылын дамыту | №2 міндет<br>Конфессияаралық қатынастарды үйлестіруге, **діни экстремизм көріністерінің алдын алуға** бағытталған ақпараттық-ағартушылық және ұйымдастырушылық шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру | №3 міндет<br>Діни ахуалдың мониторнигі, талдау және болжау жүйесін жетілдіру, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру | №4 міндет<br>Мемлекеттік қызметшілердің діни дайындығы мен дін қызметшілерінің біліктілік деңгейін арттыру |
| 5 шара (22%) | 12 шара (52%) | 3 шара (13%) | 3 шара (13%) |
| Ескертпе – Автор [86] деректеріне сәйкес құрған | | | |

Бұл бағдармаламаны дін саласына арналған алғашқы мемлекеттік бағдамалама деп айта аламыз. Онда сол кезеңдегі проблемалар келесідей баяндалған:

*«Өз қатарларына Қазақстан азаматтарын, әсіресе жастарды тартуға бағытталған* ***дәстүрлі емес діни бірлестіктердің белсенді қызметі конфессияаралық қатынастардың белгілі бір шиеленісуін туғызуда. ...Республикадағы конфессияаралық қатынастарды тұрақсыздандыру факторының бірі*** *оларды тасушылар ретінде түрлі конфессиялық спектрлері бар жекелеген діни ұйымдар болады және көбіне діни қабықты жамылған радикалды және экстремистік идеяларды тарату фактілері болуы мүмкін».*

Сондай-ақ бағдарламада ***«мемлекеттік құрылымдардың діни ахуал мониторингін, оны талдау мен болжауды жеткіліксіз жүйеде жүргізуі, діни ахуал туралы қажетті сапалы ақпаратты алуға, діни салада ықтимал қатер дәрежесін бағалауға мүмкіндік бермейді, шиеленіскен жағдайлар себептерінің, әсіресе олардың ертерек алдын алуға кедергі келтіреді»*** деп көрсетілген.

Аталған проблема *«Қазақстанда діни ахуалда шиелiнiстер пайда болуының алғышарттарының»* бірі ретінде анықталағн. Ал, *«діни ахуал мониторингі, оны талдау және болжау жүйесін жетілдіру»* бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі болып қарастырылған.

Заңның 6-1 және 6-2 баптарына сәйкес:

1) Уәкілетті орган:

– ҚР-ның аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардың **қызметіне зерделеу мен талдау жүргізеді**;

2) ЖАО:

– **өңірдегі діни жағдайға зерттеу және талдау жүргізеді**.

Алайда бағдарламада дін саласында шиеленістің болмауы үшін, яғни оның алдын алу үшін уәкілетті орган мен ЖАО зерттеу және талдау жұмыстарын қалай сапалы ұйымдастыру керек екендігі және ол үшін қандай шараларды қабылдау қажеттігі көрсетілмеген.

**2010 жылдың 31 наурызында** (бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі аяқталғаннан кейін 2 ай өткен соң) ҚР ӘМ-нің қарамағында құрылған **Дін істері комитеті ҚР ММ-нің құрамына берілді.** Бұл шешім «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» ҚР Президентінің Жарлығының аясында орындалған [87].

**2011 жылдың 17 мамырында** (бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі аяқталғаннан кейін 1 жыл 4 ай өткен соң) Қазақстанда **діни сарындағы алғашқы теракт орын алды** [92].

18 мамырда ҚР Президентінің Жарлығымен ДІА-н бөліп шығару жолымен, оған конфессияаралық келісім, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, ҚР ММ қайта ұйымдастырылды [88].

**2011 жылы 1 тамызда** ҚР ММ-нің Дін істер комитеті таратылып (ҚР ММ-нің құрамында 1 жыл 4 ай ғана болды), Үкіметтің құрамында **ҚР-ның Дін істері агенттігі** мен оның облыстардағы және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық департаменттері құрылды [89].

**2011 жылдың 11 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды** [90]. 2014 жылдың 23 қыркүйегінде заңға толықтырулар еңгізіліп, ***«республика бойынша діни ахуалды зерделеу және талдау жүргізу»*** уәкілетті органның қосымша құзіреті болады [91].

**2011-2012 жылдары** Ақтөбе, Атырау, Тараз қалаларында, сондай-ақ Ақтөбе, Атырау және Алматы облыстарында орын алған діни негіздегі

экстремистік әрекеттер салдарынан тек лаңкестер ғана емес (51 адам), сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері (13 адам) мен бейбіт тұрғындар (6 адам) қаза тапқан болатын [92, 93].

**2013 жылы 24 маусымда** ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес 2003 жылдың 29 желтоқсанында құрылған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталығы таратылып, оның орнына **ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығы** (әрі қарай – ТҚО) жасақталды [94].

ТҚО терроризмге қарсы тиімді іс-қимыл жасау үшін қажетті және жеткілікті жағдай жасау, қолдау және дамыту мақсатында, соның ішінде ҚР-ның мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының осы саладағы келісілген іс-қимылдарын қамтамасыз ету үшін терроризмге қарсы іс-қимылды үйлестіру саласындағы уәкілетті орган жанынан құрылатын, **тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңесші орган ретінде құрылды**. Оның негізгі міндеттері:

1) терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен ҚР-ның заңнамасын жетілдіру бойынша **ҚР-ның Президентіне ұсыныстар дайындау**;

2) терроризмге қарсы іс-қимыл саласында тұжырымдамалық көзқарастар әзірлеу, **негізгі басымдықтарды айқындау**, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін практикалық шаралар тұжырымдау;

3) **терроризм профилактикасы бойынша мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін үйлестіру**; террористік іс-әрекеттерді анықтау, жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және тергеу; терроризмнің зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою, сондай-ақ терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен олардың өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру;

4) **террористік қатерлер мен көріністердің мониторингі, оларды бағалау және болжау**;

5) терроризмге қарсы күрес жөніндегі республикалық жедел штабтың іс-қимылын ұйымдастыру;

6) терроризмге қарсы іс-қимыл саласында халықаралық озық тәжірибені енгізу;

7) терроризмге қарсы іс-қимыл саласында ҚР-ның заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді шешу.

Жүктелген міндеттерді орындау мақсатында ТҚО ҚР-ның Президентіне, ҚР-ның Президенті Әкімшілігіне, ҚР-ның Қауіпсіздік Кеңесіне, ҚР-ның Үкіметіне **терроризмге қарсы іс-қимыл саласында жүктелген міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін** орталық және ЖАО-дың лауазымды адамдарын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

Терроризмге қарсы орталығының отырыстары тоқсан сайын бір реттен жиі өткізілмейді, ал талқылау нәтижелері мен қабылдаған шешімдері бойынша қол қойылған хаттама екі жұмыс күні ішінде ҚР Президентінің

Әкімшілігіне жолданады.

Сонымен қатар ТҚО-ның ережесіне сәйкес ҚР ҰҚК-нің Төрағасы лауазым бойынша ТҚО-ның басшысы және ол келесідей құзыретке ие:

1) ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығының отырыстарына төрағалық етеді;
2) ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығының тиісті жылға арналған келісілген жұмыс жоспарын бекітеді;
3) ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығының шешімдерін орындау мәселелері бойынша ҚР ҰҚК Терроризмге қарсы орталығы штабының баяндамасын тыңдайды;
4) ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығының жұмысы туралы **ҚР-ның Президентін хабардар етіп отырады**;
5) ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органына өзінің уәкілетті өкілдерін жіберген немесе іссапарға жіберген мемлекеттік органдарға марапаттау немесе оларға тәртіптік жаза қолдану жөнінде өтініш енгізеді.

Қазіргі уақытта ТҚО-ның мүшелеріне – ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы, ҚР-ның Үкімет құрамына кіретін барлық ОМО-дың бірінші басшылары, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары және ҚР Терроризмге қарсы орталығы штабының бастығы (ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығы басшысының орынбасары) кіреді.

Сонымен бірге «Терроризмге қарсы комиссиялар туралы үлгілік ереже» бекітілді [95]. Терроризмге қарсы комиссиясы (әрі қарай – ТҚК) ОМО-дың аумақтық белімшелері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының терроризмнің алдын алу, терроризм зардаптарын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметін жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган. ТҚК өз қызметін ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығының **үйлестіруімен қызмет етеді**. **Оның төрағасы – тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның әкімі.** Ал төраға орынбасары – лауазым бойныша ҚР-ның ҰҚК-нің аумақтық органының бастығы.

**2013 жылы 24 қыркүйекте** ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді [55].

Бұл бағадарламаны әзірлеуге негіз болған Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар [96]. Онда Жолдауды іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 97-тармағына сәйкес діни экстремизмге және терроризмге қарсы күрес жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірлеу қажет болатын.

**Бағдарламаның мақсаты** – діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерін болдырмау арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал міндеттері ретінде келесілер көрсетілген:

1) **қоғамда төзімді діни сана мен радикалдық идеологияға деген иммунитетті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру**;
2) діни экстремизм мен терроризмнің көріністерін, соның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру арқылы анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру;
3) экстремистік және террористік әрекеттердің салдарын барынша азайту мен жою шараларының жүйесін жетілдіру.

5 жылға арналған бардарламаны жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен **103,176 млрд. тенге** қарастырылған. **Бірақ қай шараға қанша қаражат бөлігені бағдарламада анықталмаған.**

Бағдарлама жоспарында көрсетілген міндеттерге сәйкес орындалатын 117 іс-шараның ашық түрдегі іс-шаралар саны – 65, ал құпия санаттағы іс-шаралар саны – 52, ал олардың 50-і бойынша ҚР Президент Әкімшілігіне ақпарат және 3-і бойынша ұсыныстар енгізу қажет [97]. Жалпы бағдарламаны жүзеге асыруға ДІА-нен бөлек 22 ОМО мен барлық ЖАО жұмылдырылған. 117 іс-шараның 25-іне ДІА жауапты болса, 33-іне ЖАО жауапты орындаушы ретінде анықталған.

3-кесте – Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған бағдарламаның міндеттері мен іс-шаралар саны

| Іс-шаралар саны – 117 | | |
|---|---|---|
| №1 міндет<br>Қоғамда төзімді діни сана мен радикалдық идеологияға деген иммунитетті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру | №2 міндет<br>Діни экстремизм мен терроризмнің көріністерін, соның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру арқылы анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру | №3 міндет<br>Экстремистік және террористік әрекеттердің салдарын барынша азайту мен жою шараларының жүйесін жетілдіру |
| 47 тармақ (40%):<br>ашық – 30,<br>жабық – 17 | 48 тармақ (41%),<br>ашық – 15,<br>жабық – 23 | 22 тармақ (18%):<br>ашық – 20,<br>жабық – 2 |
| Ескертпе – Автор [97] деректеріне сәйкес құрған | | |

Бағдарламаға сәйкес, **2008 жылдан бастап соңғы 5 жыл ішінде** Қазақстан аумағында халықаралық экстремистік немесе террористік ұйымдардың қызметіне қатысы бар **70 шетелдік ұсталған**. **Ал, 2011-2012 жылдар аралығында 12 зорлық-зомбылық акциясы, яғни террорлық актілер жасалған**.

Сондай-ақ бағдарламада діни экстремизм мен терроризм жақтастары санының Қазақстан азаматтары қатары есебінен өскені туралы баяндалады. Мәселен, **2008 жылдан 2013 жылға дейін** террористік қылмыстары үшін сотталған адам саны 27-ден 171-ге дейін, **яғни 633 %-ға өскен**. Ал экстремистік қылмыс үшін сотталғандардың саны – 56-дан 168-ге дейін, **яғни 300 %-ға өскен**.

**2014 жылдың 6 тамызында** (бағдарламаның қабылданғанына 1 жыл

толмай) ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес **Дін істері агенттіге мен оның аумақтық құрылымдары таратылып**, Дін істері комитеті Мәдениет және спорт министрлігінің құрамында жаңадан құрылады [98].

**2016 жылдың 5 маусымы мен 18 шілдесінде** Ақтөбе және Алматы қалаларында мемлекеттік тіркеуден өтпеген діни топтардың жақтастары терракт жасайды, салдарынан 18 лаңкес, 17 құқық қорғау қызметкері мен бейбіт тұрғындар мерт болды [92, 93].

**2016 жылдың 13 қыркүйегінде** ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес **«ҚР-ның Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі»** құрылып, оған Мәдениет және спорт министрлігінен құрамындағы Дін істері комитеті беріледі [99].

**3 қарашада** ҚР Үкіметінің жанында «Дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия» (бұдан әрі – Комиссия) **консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылады** [100]. **Оның қызметінің мақсаты – дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар әзірлеу.** Ал негізгі міндеттеріне келесі жатады:

1) ҚР-ның **заңнамасын жетілдіру** және дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
2) дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі **ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету**;
3) **мемлекеттік органдардың дін саласындағы қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу**.

Комиссияның шешімдері **ұсыныс сипатында болады** [101]. Комиссияның ережесі ең алғашқы рет бекітілгенде оның отырыстары қажеттілігіне қарай, **бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі** деп көрсетілген еді. Ал 2019 жылдың 17 сәуірінде ережеге өзгертулер енгізіліп, Комиссия отырыстары **тек қажеттілігіне қарай өткізілетін болды** [102].

Комиссия құрылған сәтте оның құрамына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары (төраға), Дін істері және азаматтық қоғам министрі (төрағаның орынбасары), Дін істері комитетінің төрағасы (хатшы), Ақпарат және коммуникациялар министрі, Әділет министрі, Білім және ғылым министрі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі, Қаржы министрі, Қорғаныс министрі, Мәдениет және спорт министрі, Сыртқы істер министрі, Ұлттық экономика министрі, Ішкі істер министрі, Энергетика министрі Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы, Ауыл шаруашылығы вице-министрі, Бас Прокурорының орынбасары, Инвестициялар және даму вице-министрі, ҰҚК төрағасының орынбасары және барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері.

Қазіргі уақытта лауазым бойынша Комиссияның құрамына тек тиісті вице-министрлер мен әкім орынбасарлары, және Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары кіреді [103].

**2017 жылы 20 маусымда** ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан

Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдама» (бұдан әрі - Тұжырымдама) бекітілді [104].

Тұжырымдамада оны әзірлеуге негіз болған Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы деп көрсетілген. Ол Жолдауда ҚР Президенті:

*«Діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу, әсіресе интернет пен әлеуметтік желіде оның жолын кесу жұмысын жүргізу керек. Қоғамда, әсіресе, діни қарым-қатынас саласындағы радикалды көзқарасқа байланысты кез келген әрекетке «мүлде төзбеушілікті» қалыптастыру керек. Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды теологиялық тұрғыдан сауаттандыру қызметтерінің мақсатты жұмысы ұйымдастырылуға тиіс. Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін қосымша қадамдар жасау керек. Бұл іске мемлекеттік емес секторды және діни бірлестіктерді белсенді түрде тарту қажет. Осы шараның бәрі менің тапсырмам бойынша әзірленіп жатқан, 2017-2020 жылдарға арналған Діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет жөніндегі мемлекеттік бағдарламада ескерілуге тиіс»,* деп айтқан.

Тұжырымдаманы жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен қаражат қарастырылмаған. Құжатта тұжырымдама – мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бойынша ресми көзқарастар жүйесі деп көрсетілген. Онда дін саласындағы негізгі үрдістер мен ерекшеліктерді талдау негізінде, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2020 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттары мен негізгі бағыттары айқындалған.

Тұжырымдамада Қазастанның дін саласында келесідей мәселелердің бар екендігі анықталған:

1) Діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша міндеттерді іске асыруда **орталық мемлекеттік және ЖАО-дың жұмыстары тиімділігінің жеткіліксіздігі байқалады**;
2) Елде радикалды және **тіркелмеген діни ағымдардың**, сондай-ақ сот шешімімен Қазақстан аумағында тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдардың жақтаушылары бар;
3) Жекелеген діни бірлестіктер мен **тіркелмеген діни ағымдар**, оның ішінде түрлі ұйымдарды, білім беру орталықтарын, мемлекеттік емес ұйымдарды ашу, оқыту курстары мен семинарларды ұйымдастыру арқылы, заңсыз уағыздаушылық және миссионерлік қызметтерді іске асыруда;
4) Жалған уағызшылардың әлеуметтік желілерде онлайн-уағыз айтуының кең ауқымда таралуынан қатер арта түсуде;
5) Радикалды діни ағымдар өкілдерінің қылмыстық іске баруы, олардың ұйымдасқан қылмыстық топтармен бірігу әрекеттері байқалады;
6) Жекелеген азаматтардың қоғам алдындағы конституциялық және азаматтық борыштарын атқарудан бас тартуы орын алуда. Заңдарға,

елдің мемлекеттік рәміздеріне, халықтың ұлттық-мәдени салт-дәстүріне, сондай-ақ жалпыға бірдей әдеп пен мінез-құлық нормаларына құрмет танытпау жағдайлары жиілеп барады.

Тұжырымдамада дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәлімделген қағидаттары мен тәсілдері 2017-2020 жылдар аралығында жүзеге асырылады және осы кезең ішінде 15 шара орындалады, деп көрсетілген. Оның ішінде:

1) тиісті құқықтық база әзірленетін болады;
2) орталық мемлекеттік және ЖАО-дың, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының құзыретін айқындай отырып, **дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың ұтымды моделі әзірленетін болады**;
3) **дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ЖАО тиімділігінің критерийлері мен көрсеткіштері әзірленеді**.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жоспарда 60 іс-шара көрсетілген, ал олардың 13-і бойынша ҚР Президент Әкімшілігіне ақпарат және 3-і бойынша ұсыныстар енгізу қажет [105]. Жалпы тұжырымдаманы жүзеге асыруға ДІАҚМ-нен бөлек 14 ОМО мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, яғни ЖАО жұмылдырылған. 60 іс-шараның түгеліне ДІАҚМ жауапты орындаушы ретінде анықталса, 37-іне ЖАО жауапты болып бекітілген.

4-кесте – Дін саласындағы мемлекеттік саясатынының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдама жоспарының міндеттері мен іс-шаралар саны

| Іс-шаралар саны – 59 | | |
|---|---|---|
| №1 міндет | №2 міндет | №3 міндет |
| Дін саласындағы заңнаманы жетілдіру | Мемлекет дамуының зайырлы қағидаттарын нығайту | Діни экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимыл және деструктивті ағымдардың қызметін бейтараптандырудың жалпымемлекеттік жүйесі |
| 7 тармақ (12%) | 30 тармақ (51%) | 22 тармақ (37%) |
| Ескертпе – Автор [105] деректерге сәйкес құрған | | |

Жоспардың 38 тармағында *«Діни-экстремистік және террористік идеологияларды ұстанушыларды, оның ішінде діни экстремизм мен терроризм үшін жазасын өтеп жүрген адамдарды радикалды көзқарастан арылту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бойынша діни қызмет саласындағы* ***уәкілетті органның, жергілікті атқарушы, арнаулы және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру»*** шарасы қарастырылған. Бұл шараға жауапты органдар 2018 жылдың 1-тоқсанында ҚР Президент Әкімшілігіне ұсыныстар жолдауы қажет.

Сондай-ақ, жоспардың 39 тармағында *«Деструктивті діни ағымдарды ұстанушылар санының өзгеруі» нысаналы индикаторын есептеу,* ***ЖАО***

***қызметінің тиімділігін бағалау** әдістемесін әзірлеу»* көзделген. Жоспарға сәйкес бұл шара бойынша 2018 жылдың 1-тоқсанында Дін істері және азаматтық қоғам министрінің бұйрығы шығуы тиіс.

Алайда, АҚДМ Дін істері комитеті дайындаған **«тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының қорытындылары туралы»** ақпаратта бұл шаралардың орындалғаны жайлы деректер мүлдем жоқ [106].

Демек, тұжырымдамада ***«діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша міндеттерді іске асыруда орталық мемлекеттік және ЖАО-дың жұмыстары тиімділігінің жеткіліксіздігі байқалады»***, сондықтан 2017-2020 жылдар аралығында ***«дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың ұтымды моделі»*** **және** ***«дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ЖАО тиімділігінің критерийлері мен көрсеткіштері»*** әзірленетін болады деп көрсетілгенімен, іс жүзінде бұл жұмыстардың атқарылмағандығын байқаймыз.

**2017 жылы 29 желтоқсанда** ҚР Парламентінің қарауына «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы енгізілді [107]. Заң жобасы өте ауқымды болды – 12 заңнамалық актілерге 53 түзету мен толықтырулар енгізу көзделді. Заң жобасына сәйкес, аудан мен облыстық маңызы бар қаланың ЖАО-на және қаладағы аудан мен аудандық маңызы бар қаланың әкіміне өңірдегі *«діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізу», «өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеу және талдау жүргізу»* функцияларын жүктеу қарастырылған. Алайда, 2019 жылы 29 қаңтарда заң жобасы кері қайтарылды [108].

**2018 жылғы 15 наурызда** «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламаны бекітіледі [56]. Оны дін саласына арналған 3-ші бағдарлама деп айтуымызға болады.

Бұл бағадарламаны да әзірлеуге негіз болған «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің Жарлығы [109]. Онда Жолдауды іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 63-тармағына сәйкес бағдарлама келесіні шараларды көздеуі тиіс:

1) діни экстремизмді, оның ішінде Интернет пен әлеуметтік желілерде **насихаттаудың алдын алу**;
2) қоғамда радикалды көріністермен, әсіресе, діни қарым-қатынастар саласындағы көріністермен байланысты кез келген іс-қимылдарға мүлде **төзбеушілікті қалыптастыру**;
3) терроризм мен экстремизм идеологиясын ұстанатындар арасынан сотталған адамдарды **радикалсыздандыру және оңалту**;
4) мемлекеттік емес секторды және діни бірлестіктерді тарта отырып,

**өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік рухта тәрбиелеу**;

5) террористік және экстремистік қызметті қаржыландырумен күрес.

**Бағдарламаның мақсаты** – діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Оған қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылған:

1) Қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем **төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған** діни экстремизм мен терроризмнің **алдын алу шараларын жетілдіру**;
2) ҚР халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендету;
3) Діни экстремизм мен терроризм фактілерін, оның ішінде **арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру** жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру;
4) Діни экстремизм мен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жүйесін жетілдіру.

Бағдарламада соңғы төрт жылда террористік белсенділік аймағына **440 қазақстандықтың баруына жол берілмегені (2014 жылы – 136, 2015 жылы – 151, 2016 жылы – 91, 2017 жылы – 62)**, әрі қабылданған шараларға қарамастан азаматтарымыздың шетелде террористік әрекеттерге қатысу проблемасы өзекті болып қалуда делінген. Сондай-ақ халықаралық террористік ұйымдардың лагерлерінен және үшінші елдерде тірек және транзиттік инфрақұрылымнан Қазақстанның **125 азаматы қайтарылып, олардың 57-сі** террористік әрекетке қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығы баяндалған.

Сонымен қатар бағдарламаға сәйкес, Қазақстанда **2014 жылдан бері 30 террористік акцияның дайындалу кезеңінде жолы кесілген** (2014 жылы – 3, 2015 жылы – 4, 2016 жылы – 12, 2017 жылы – 11).

Мемлекеттік бағдарлама жоспары 80 тармақтан тұрады, оның ішінде ашық іс-шаралар саны – 49, құпия санатқа жатқызылған іс-шаралар – 31. Жалпы бағдарламаны жүзеге асыруға ДІАҚМ-нен бөлек 16 ОМО мен барлық ЖАО жұмылдырылған. 80 іс-шараның 28-іне ДІАҚМ жауапты орындаушы болса, 35-іне ЖАО жауапты орындаушы анықталған.

5-кесте – Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған бағдарлама жоспарының міндеттері мен іс-шаралары

| Іс-шаралар саны – 80 | | | |
|---|---|---|---|
| №1 міндет<br>Қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру | №2 міндет<br>ҚР халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендету | №3 міндет<br>Діни экстремизм мен терроризм фактілерін, оның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру | №4 міндет<br>Діни экстремизм мен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жүйесін жетілдіру |
| 26 тармақ (32,5%):<br>ашық – 19,<br>жабық – 7 | 12 тармақ (15%):<br>ашық – 5,<br>жабық – 7 | 22 тармақ (27,5%):<br>ашық – 11,<br>жабық – 11 | 20 тармақ (25%):<br>ашық – 11,<br>жабық – 9 |
| Ескертпе – Автор [56] деректеріне сәйкес құрған | | | |

Бағдарлама жоспары бойынша *«**тіркелмеген діни топтармен және қауымдармен**, оның ішінде діни бірлестіктерді тарта отырып, радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға және діни араздықты немесе алауыздықты өршітуге жол бермеуге бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру»* ЖАО мен ДІАҚМ-не жүктеліп, олар бойынша ақпаратты ҰҚК-не тұрақты жолдап тұру қарастырылған.

Бағдарлама жоспарына сәйкес №1 міндеттің, яғни діни экстремизмнің алдын алу шаралары жоспарланған барлық іс-шаралардың жалпы санының 32,5 % құрайды. Ал, қалған міндеттердің, яғни терроризмге қарсы қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарланған барлық іс-шаралардың жалпы санының 67,5 % құрайды.

Бас прокуратураның әзірлелеген 2013-2017 жылдарға арналған бағдарламасына қарағанда ҰҚК дайындаған бұл құжатта қаражаттың қандай іс-шараларға бөлінетіні көрсетілген. Бағдарламаға сәйкес оны жүзеге асыруға **мемлекеттік бюджеттен 270, 148 млрд. тенге қарастырылған**, бұл алдынғы бағдарламамен салыстырғанда 2,7 есе көп.

Қаражат негізінен ҰҚК-нің, Мемлекеттік күзет қызметінің, Ұлттық ұланның және Ішкі істер министрлігін заманауи қару-жарақпен, арнайы техникамен және құралдармен жарақтандыруға, учаскелік полиция инспекторлары бөлімдерінің инфрақұрылымын күшейтуге, елді мекендерді бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етуге, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби дағдыларын арттыруға арналған.

**Ал, алдын алу шараларына, яғни бағдарлама тілімен айтқанда** *«қоғамда радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті және радикалдық идеологияға иммунитетті қалыптастыруға бағытталған алдын алу шараларын жетілдіруге»* – **1, 5 млрд. теңгеден аспайтын көлемдегі ақша қарастырылған**.

Өз кезегінде ҚР Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 63-тармағынан бұл бағдарламаның мазмұны мен оны жүзеге асыруға бөлінетін қаражат діни экстремизмнің салдарымен күресуге емес, оның алдын алуға бағытталуы керек екендігін байқаймыз.

**2018 жылы 28 маусымда** (тұжырымдама қабылданғаннан соң 1 жылдан кейін) ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес ДІАҚМ-нің атауы Қоғамдық даму министрлігі болып өзгерді [110]. 21 шілдеде Дін істері комитетінің атауы Қоғамдық келісім комитеті болды [111].

**2019 жылғы 25 ақпан** ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі болып қайта құрылды [112]. 26 наурызда Қоғамдық келісім комитетінің атауы қайтадан Дін істері комитеті болып өзгерді [113].

**1-ші тарауша бойынша қорытынды**

Осылайша 2005 жылдың 30 желтоқсанында дін саласындағы уәкілетті орган айқындалып, оның құрамында салалық мемлекеттік саясатты іске асырушы ведомства – Дін істері комитеті құрылған сәттен бастап, 2022 жылға дейін күрделі үдерістер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

**Бірінші.** 2011 жылы қабылданған жаңа заң, 2013 және 2018 жылдары бекітілген мемлекеттік бағдарламалар мен 2017 жылғы тұжырымдама, 2018 жылғы кері қайтарылған заң жобасы елдегі болған террорлық актілерден кейін әзірленген. Бұл құжаттарды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың негізгі орындаушылары ретінде ДІА, ДІАҚМ, облыстар мен республикалық маңыз бар қалалардың әкімдіктері (ЖАО) анықталған. Осы орайда дін саласындағы уәкілетті орган мен ЖАО-дың дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудағы өзара іс-қимылының маңыздылығын байқаймыз.

**Екінші.** Алайда, 13 жылдың ішінде Дін саласындағы уәкілетті орган 7 рет өзгерген, яғни орташа есеппен әр 2 жыл сайын. 2006 (01) – 2010 (03) жылдары – ҚР ӘМ, 2010 (04) – 2011 (08) жылдары – ҚР ММ, 2011 (08) - 2014 (08) жылдары – ДІА мен оның аумақтық құрылымдары, 2014 (09) - 2016 (09) жылдары – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, 2016 (09) - 2018 (06) жылдары – ДІАҚМ, 2018 (07) - 2019 (02) – жылдары ҚР Қоғамдық даму министрлігі, 2019 (03) жылдан бастап – ҚР АҚДМ дін саласындағы уәкілетті орган болып айқындалған.

**Үшінші.** 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламада діни экстремизмнің алдын алу шаралары жоспарланған барлық іс-шаралардың жалпы санының 1/3-ін құрағанымен, бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаражаттың 0,55% ғана діни экстремизмнің алдын алу шараларына қарастырылған. Ал Тұжырымдаманы жүзеге асыруға қаражат мүлдем көзделмеген. Демек, дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда мемлекеттің ресурстары мен қаражаты діни экстремизмнің алдын алуға емес, оның салдарымен күресуге бағытталған.

**Төртінші.** ДІА мен ДІАҚМ діни экстремизмнің алдын алуға және онымен жүйелі қызмет ету үшін құрылып, елдегі діни экстремизм мәселесі өзекті болса да құрылғаннан соң 2-3 жылдан кейін қайта таратылған, атауы өзгертілген. Осылайша діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралардың орталық деңнейде негізгі орындаушылары ретінде ДІА мен ДІАҚМ анықталғанымен, олардың қызметінде тұрақтылық қалыптаспаған. Сәйкесінше, салалық мемлекеттік саясатты іске асырушы ведомствода, яғни Дін істері комитетінде тұрақтылық пен институционалдық жады қалыптаспаған.

**Бесінші.** 2013 және 2018 жылдары қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен 2017 қабылданған тұжырымдаманы іске асырушы дін саласындағы уәкілетті орган (ДІА мен ДІАҚМ) бағдарламалар мен тұжырымдаманың әзірлену кезінде немесе олардың жүзеге асырылу мерзімі аяқталмас бұрын таратылған (2013 ж.) немесе қайта аталған (2018 ж.).

**Алтыншы.** ТҚО пен Үкімет жанындағы Комиссия діни экстремизмнің алдын алу әрі оған қарсы іс-қимыл бойынша міндеттерді іске асыруда орталық мемлекеттік және ЖАО-дың қызметін үйлестіру үшін және дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту мақсатымен құрылған консультативтік органдар. Алайда ТҚО-тың мүшесі болып табылатын министрлердің орынбасарлары Комиссияның құрамына кіреді, яғни түпкі мақсаты бір консультативтік органдардың мүшелері қайтаналанады *(дублирование)*. Сондай-ақ, ТҚО-тың отырыстары әр тоқсанда кем дегенде бір рет өтуі керек әрі оның шешімдерін орындау міндеттелген болса, Комиссияның отырыстары қажеттілік болған жағдайда ғана өткізіліп, оның шешімдері тек ұсыныс сипатта болады. Сонымен қатар облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкім орынбасарлары Комиссияның мүшелері болса, Терроризмге қарсы комиссиялардың төрағалары, яғни облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері ТҚО-тың құрамына кірмейді. Комиссияның да, ТҚО-тың да құрамындағы мүшелердің функционалдық міндеттері ережелерінде айқылдалмаған. ТҚО-тың құрамы биліктің әртүрлі тармақтарының өзара іс-қимылын және оның қызметінде тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін тиімді қалыптастыруға бағытталмаған.

**Жетінші.** Дін саласындағы уәкілетті органды айқындау *(құру, тарату, атауын өзгерту, қайта ұйымдастыру)*, мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдаманы әзірлеу, келісу және бекіту ҚР Президентінің тапсырмаларының негізінде орындалған. Ал, мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдаманы іске асыру бойынша ақпараттар мен ұсыныстар, ТҚО-тың қызметі туралы хаттамалар мен ұсыныстар ҚР Президентінің Әкімшілігіне жолданады. Осы орайда дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша және бұл бағытта Мемлекет басшысының өкілеттігін іске асыруды қамтамасыз етуде ҚР Президенті Әкімшілігінің орны ерекше екендігіне тағы да көзімім жетті. Дегенімен, дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша уәкілетті орган қызметінің тұрақтылығы әрі

оның ЖАО-мен өзара іс-қимылы ҚР Президентінің Әкімшілігі тарапынан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегенді байқалады.

**Сегізінші.** Тұжырымдамада *«діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша міндеттерді іске асыруда орталық мемлекеттік және ЖАО-дың жұмыстары тиімділігінің жеткіліксіздігі байқалады»*, осы орайда 2017-2020 жылдар аралығында *«дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың ұтымды моделі»* және *«дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ЖАО тиімділігінің критерийлері мен көрсеткіштері»* әзірленетін болады, деп нақты көрсетілген. Бірақ бүгінгі күнге дейін дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімді тетіктері, оның ішінде ЖАО-дың қызметін бағалау жүйесі ұйымдастырылмаған. Мұны да ҚР Президентінің Әкімшілігі тарапынан тиісті бақылау жұмыстары жүргізілмегендігі деп түсінеміз.

**Тоғызыншы.** 2013-2017 жылдарға арналған бағдарламаның бірінші әрі негізгі міндеті – *«қоғамда төзімді діни сана мен радикалдық идеологияға деген иммунитетті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру»* болса, 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламада *«қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру»* бірінші әрі негізгі міндет ретінде анықталған. Сондай-ақ, соңғы бағдарламада *«тіркелмеген діни топтармен және қауымдармен, оның ішінде діни бірлестіктерді тарта отырып, радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға және діни араздықты немесе алауыздықты өршітуге жол бермеуге бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру»* қарастырылған. **Екі бағдарлама 10 жылдық мерзімге арналған және оларды жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен 377 млрд тенгеден астам көлемдегі қаражат қарастырылған**. Алайда қазіргі діни ахуалдың жай-күй бойынша бұл міндеттердің орындалмағанын немесе олардың тиімсіздігін байқаймыз.

Мәселен Қазақстанның бірқатар өңірлерінде **тіркелмеген діни қауымдар қызметінің қылмыстану тенденциясы байқалады** (2-қосымша). **Бұған қоса 2015 жылы бір ғана тіркелмеген діни қауымның жақтаушылары 15 мың адам болса, 2019 жылдың соңына қарай олардың саны 20 мыңнан асқан** [114, 115, 116, 117]. Электронды БАҚ контент-талдау нәтижелері бұл мәселеге қатысты мынадай ерекшеліктерді көрсетеді:

1) тіркелмеген діни қауымның жақтаушылары арасында мынадай қылмыс пен құқықбұзушылық түрлерінің жиі жасалатындығы анықталды: есірткі өндіру, сақтау және сату; жеке азаматтарға тиісті мүлікті ұрлау, тартып алу; бопсалау; діни алауыздықты қоздыру; терроризмді насихаттау; кәмелетке толмаған қыз балалармен некеге тұру, жыныстық қатынасқа түсу;

зорлау және т.б.

2) Құқықбұзушылық фактілері негізінен еліміздің батыс өңірлерінде тіркелген. Мәселен, Атырау облыстық Полиция департаментінің ресми деректері бойынша жарты жылдың ішінде деструктивті діни ағымдардың мүшелері 30 қылмыс жасаған. Соның ішінде 7 қылмыс топтық негізде жасалған, 2 қылмыстық оқиға экстремистік сипаттағы қылмыс болып табылады.

Ақтөбе облысында 2019 жылдың өзінде ғана тіркелмеген діни қауымның жақтаушылары жасаған 57 қылмыс, 379 әкімшілік құқықбұзушылық фактілері тіркелген. 2020 жылдың қазіргі жағдайы бойынша тіркелген мұндай қылмыс саны 30 болса, әкімшілік құқықбұзушылық фактілерінің саны 400 болған.

Аталған фактілерден басқа соңғы 2 жыл ішінде **Орал, Алматы, Қарағанды, Көкшетау қалалары мен Түркістан облысында да** псевдосалафилік ағым өкілдері тарапынан жасалған құқықбұзушылық оқиғалары тіркелгендігі анықталып отыр. Олардың басым бөлігі есірткі өндіру, тасымалдау, сақтау және сатумен байланысты қылмыстар болып табылады.

Тіркелмеген діни қауымның жақтаушылары тарапынан жасалған қылмыстардың басым бөлігін есірткіні тасымалдау, сақтау және сатумен байланысты қылмыстар құрап отыр. Сондай-ақ деректер есірткіні аталған ағым өкілдерінің өздері де пайдаланып отырғандығын көрсетеді.

Тіркелмеген діни қауым жақтаушыларының есірткіні қолдану және оны сатумен байланысты кәсіп жүргізуді **діни тұрғыдан легитимдейтін өзіндік негіздер** қалыптастырғандығын байқауға болады. Мұндай негіздердің ислам құндылықтары тұрғысынан «харам» (рұқсат етілмейтін) амалдар қатарына жататын ұрлық жасау, адамдарды азаптау, олардың дүние-мүлкін тартып алу және бопсалау сияқты әрекеттерге де қатысты анықталғандығын көреміз.

Сондай-ақ мұндай әрекеттерден түскен қаражаттың өз жамағаттарының әл-ауқатын көтерумен қатар, экстремистік мақсаттарға да жұмсалуы мүмкін.

**Осылайша,** 2013-2017 және 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламалардың діни экстремизмнің алдын алу бойынша сапасыздығы мен оларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік ресурстар мен шығындардың тиімсіз жұмсалғандығын байқаймыз.

**Оныншы.** 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламада мемлекеттік құрылымдардың діни ахуал мониторингін, оны талдау мен болжауды жеткіліксіз жүйеде жүргізуін Қазақстанның діни саласында шиеліністер пайда болуының алғышарттарының бірі деп таныған. Алайда бұл проблеманың дер кезінде оңтайлы шешілмеуі, яғни ЖАО-дың бұл бағыттағы қызметін уәкілетті органның жеткілікті деңгейде үйлестірмегендігі, бақылап-қадаламағандығы, әдістемелік қамтамасыз етпегендігі және қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттырмағандығы байқалады. Яғни, елді мекендерде дін саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді, сапалы іске асыру мақсатында ЖАО мен уәкілетті органның, сондай-

ақ басқа да құзырлы (құқық және арнайы органдар) органдардың өзара іс-қимылы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген. Салдарынан елдегі діни ахуал күрделеніп, оның арты террорлық актілерге әкеліп соққанын, тіркелмеген діни қауымдардың жақтаушыларының саны үздіксіз көбейгенін және олардың қызметі қылмыстанғанын байқаймыз.

Сондықтан өңірдегі діни ахуалды зерделеп, оған сапалы талдау жүргізу дін саласындағы мемлекеттік саясатты дұрыс қалыптастырып тиімді іске асуына тікелей әсер етеді, сәйкесінше осы салада болуы мүмкін қауіп-қатерлердің алдын алуға болады деп есептейміз.

2020 жылдың 4 желтоқсанында магистрлік жоба авторының бастамасымен және басшылығымен қызмет барысында әріптестері Т.Ж.Жақиянов, А. Орынбаева, А. Кенжеев, А.Маликаждар және М. Аппасова өңірлерлік деңгейдегі дін саласындағы мониторинг және талдау жұмыстарының ұйымдастыру мәселелерін зерделеген (3-қосымша).

Осы орайда келесі тараушада уәкілетті органның құзырлы ЖАО-мен бұл бағыттағы өзара іс-қимылының жай-күйін анықтау үшін зерделенген жұмыстардың нәтижесіне шолу жасап, оларды қорытындылайтын боламыз.

## 2.2 Өңірлік деңгейдегі діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстарының қазіргі жай-күйі мен өзекті мәселелері

«Әкімшілік басқарудың теориясы» бойынша жоспарлау функциясы немесе болжау, алдын ала көру функциясы – бұл іс-әрекеттің қадамдары мен кезеңдері ғана емес, **ең алдымен болашақты болжау әрекеті және осы күйге өту шараларын анықтау**. А.Фойольдің пікірінше, бұл функция – **басқару процесінің маңызды компоненттерінің бірі,** себебі оның барысында алдымен басым бағыттар анықталып, содан кейін мақсаттар белгіленеді әрі міндеттер қойылады.

ҚР-ның «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 4-бабының 1-1 тармақшасына сәйкес өңірдегі **діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізу** ЖАО-дың дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру аясындағы **бірінші және негізгі міндеттерінің бірі**.

Осыған байланысты өңірлік деңгейдегі діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстарына талдау жүргізілді. Талдауға қажетті ақпараттар арнайы өлшемдер негізінде жинақталды. Сұратылған ақпаратты 15 өңірдің уәкілетті органдары жолдады. Ақмола және Қостанай облыстары тарапынан ақпарат мүлде жіберілмеді. Алынған ақпараттарды талдау нәтижелері төмендегідей жағдайды таныстырады.

***1. Өңірлік деңгейдегі діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстарының әдіснамалық қамтамасыз етілу жағдайы***

Республиканың өңірлеріндегі жүргізіліп жатқан діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстарының әдіснамалық қамтамасыз етілу сапасын бағалауға бағытталған талдау мынадай жағдайды көрсетті:

**1) Өңірлердегі мониторинг жиілігі біркелкі анықталмаған.** Ақпарат

жолдаған өңірлер ішінде 3 өңірде *(Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ., Ақтөбе облысы)* мониторинг күнделікті режимде жүргізілсе, 1 өңірде *(Қарағанды облысы)* айлық жиілік көрсетілген. 2 өңірде *(Қызылорда, Маңғыстау облыстары)* мониторинг жиілігі мүлде көрсетілмеген. Ал қалған 9 өңірде мониторинг жиілігінің бірнеше түрлері (күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық, жартыжылдық, жылдық) бірге аталады.

Сонымен қатар бірнеше өңірлерде мониторингті түрлі атаулармен атау фактілері де кездеседі. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласының тәжірибесінде мониторингті *«ручной онлайн мониторинг»*, *«полевой мониторинг»*, *«экстренный мониторинг»* деп бірнеше түрге бөліп, ұғымдық қателіктерге жол берілген. Қызылорда, Маңғыстау облыстары мониторинг жиілігін *есеп беру жиілігі* ретінде көрсеткен.

Жалпы алғанда, өңірлердің талдау мен мониторингке жауапты құрылымдарының көпшілігі мониторингтің мәнін жете түсінбейтіндігі, мониторинг пен ақпарат жинау әдістерін ажырата білмейтіндіктері анықталды.

**2) Мониторингке жауапты бөлімдердің мамандарының теориялық-методологиялық білімдерінің жеткіліксіздігі байқалады**. Айтылған тұжырымға жолданған ақпараттарда көрініс берген мониторинг аясындағы ұғымдық атауларды, бақылауға қойылған өлшемдерді, ақпарат жинау әдістерін, ақпарат көздерін нақты көрсетіп бере алмауы және қате ұғымдарды қолдану фактілері дәлел болады.

Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласының мамандары *«живое посещение мероприятий»*, *«использование специализированного ПО»*, *«ручной мониторинг»* сияқты іс-шараларды ақпарат жинау әдістері ретінде көрсеткен. Аталғандардың ешқайсысы да ақпарат жинау әдістеріне жатпайды.

Аналогиялық қателік басқа өңірлердің тәжірибесінде де кездеседі. Ақтөбе облысы ақпарат жинау әдістері ретінде *«мекемелермен күнделікті өзара хабарласу»*, *«БАҚ»*, *«әлеуметтік желілерге болжам»* сияқты әрекеттер мен ұғымдарды атаса, Батыс Қазақстан облысы *«сұраныс хаттар»*, *«жедел ақпарат алмасу»* сияқты шараларды атаған. Жамбыл облысы *«ақпарат сұрату»*, *«зерделеу»* сияқты әрекеттерді ақпарат жинау әдістері ретінде көрсеткен.

ЖАО-дың ішінде мониторинг аясында қолданылатын ақпарат көздерін дұрыс көрсете алмағандары да кездеседі. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысы ақпарат көздері ретінде *«респонденттерді»*, *«діни бірлестік өкілдерін»*, *«интернет қолданушыларын»* атаса, Түркістан және Қарағанды облыстары ақпарат көздерін мүлде көрсетпеген.

Өңірлік деңгейдегі мониторинг жұмыстарында байқалған салмақты қателіктердің бірі діни ахуалды бағалау өлшемдерінің (индикаторларының) нақты анықталмауы болып табылады. Аталған олқылық мынадай өңірлерде ерекше байқалады:

- Нұр-Сұлтан қаласы діни ахуал аясында бақыланатын 21 өлшем ұсынған. Солардың ішінде *«аккаунты подписчиков, которые*

*высказываются о желании учиться в зарубежных ТУЗ-ах», «мониторинг библиотечного фонда ДУИС на незарегистрированных литератур религиозных организаций»* сияқты әртүрлі категориялық кеңістікте жатқан ақпарат көзі мен іс-шараны бағаланатын өлшемдер қатарында атаған.

- Ақтөбе облысы өңірдегі діни ахуалды бағалайтын *«Ақтөбе облысы аумағында деструктивті діни ағымдардың қатарындағы азаматтардың санының өсуі немесе азаюы»* деген бір өлшемді ғана көрсеткен.

- Атырау облысы діни ахуал аясында бақыланатын 6 өлшемді көрсетсе, солардың ішінде *«мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мәселелері бойынша баспа басылымдарын әзірлеу және шығару»* деген іс-шараны өлшем ретінде атаған.

- Түркістан облысында да аналогиялық қателік жіберілген. Бақылауға қойылған өлшемдер қатарында *«өңірдегі экстремизм мен терроризмнің алдын алу», «керегар діни ағымдардан сақтану»* сияқты іс-шаралар аталған.

Басқа өңірлердің тәжірибесінде де діни ахуалды бағалайтын өлшемдердің жеткілікті анықталмағандығы байқалады.

**3) Өңірлік тәжірибеде мониторинг аясында ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламаларды қолдану деңгейі төмен екендігі анықталды**. Бұл орайда Нұр-Сұлтан қаласының тәжірибесінде контент жинақтау барысында ақпарат көзінің қайталануын болдырмауға және ақпараттарды тег, бағыт, тіл сияқты ерекшеліктеріне қарай топтастыруға арналған «LBase» плагині күнделікті қолданылса, Алматы облысы мен Шымкент қаласында социологиялық зерттеулер аясында эмпирикалық мәліметтерді өңдеуге арналған «SPSS» бағдарламасы қосымша қолданылатындығы белгілі болды.

Басқа өңірлердің жолдаған ақпараттарында мұндай бағдарламалар туралы мәлімет кездеспеді. Олардың көпшілігі арнайы компьютерлік бағдарлама ретінде ақпараттық-деректік база, яғни ақпаратты өңдеу құралы емес, ақпарат көзі болып табылатын «Аналитикалық интернет карта» жүйесін *(Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары)*, «Номад» ақпараттық жүйесін *(Жамбыл облысы)* атап көрсеткен.

Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Қарағанды облыстары бұл сұраққа қатысты ешбір мәлімет бермеген.

Жалпы алғанда, жүргізілген талдау өңірлердегі мониторинг жұмыстарының теориялық-методологиялық негізделу деңгейінің төмен екендігін көрсетеді. Аталған жұмысқа жауапты бөлім мамандарының мониторингтің мәнін жете түсінбеуі, діни ахуал аясында бақыланатын өлшемдерді анықтай алмауы, ақпарат көздерін дұрыс ажырата алмауы, сондай-ақ ақпарат жинау, өңдеу және талдау әдіс-тәсілдерін тиісінше меңгермеуі өңірлік деңгейде **дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру сапасын төмендетіп отырған басты фактордың бірі болып табылады**.

**4) Өңірлердегі мониторинг жұмыстарының сапасын төмендетіп**

**отырған себептің бірі әдістемелік сүйемелдеудің жеткілікті деңгейде жүргізілмей отырғандығымен де байланысты**.

Барлық өңірлердің 2019 жылы ҚР АҚДМ-нің Дін істері комитеті тарапынан әзірленген «Қазақстан өңірлеріндегі діни ахуалға мониторинг және талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік құралын қолданып отырғандығы анықталды [118].

Алайда аталған әдістемелік құрал мониторинг аясында назар аудару керек деген басты мәселелерді атаумен ғана шектеліп, мониторинг және талдау жұмыстарының теориялық-методологиялық және техникалық негіздерін ашып көрсетпеген. Сәйкесінше, әдістемелік құрал сала мамандарына жалпы бағыт бергенімен, мониторинг жөнінде жүйелі ақпарат бере алмаған.

Өңірлік деңгейде Жамбыл облысының мамандары тарапынан жергілікті мемлекеттік органдарға арналған «Аудандар мен Тараз қаласы көлеміндегі діни ахуалды зерделеу және талдау жұмыстарын жүргізудің бірыңғай тәртібі» әдістемелік құралы (2019 ж.) әзірленген. Аталған әдістемелік құралдың электронды немесе баспалық нұсқасы жолданбағандықтан, оның сапасына талдау жасау мүмкін болмады.

Басқа өңірлердің тәжірибесінде аналогиялық бастамалар жөнінде ақпарат кездеспеді.

Сапалы әдістемелік құралдың жоқтығынан өңір мамандары әртүрлі ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді қосымша пайдаланатындығы анықталды. Атап айтқанда, мынадай әдебиеттер қолданысқа ие:

- С. Белановскийдің «Метод фокус-групп» электронды оқулығы, М.К.Горшков пен Ф.Э. Шерегидің «Прикладная социология: методология и методы» оқу құралы *(Түркістан облысы);*
- А.А. Радугиннің «Социология» еңбегі *(Қызылорда облысы).*

***2. Мониторинг нәтижесі бойынша әзірленген талдау материалдарында берілген әдістемелік немесе тәжірибелік ұсынымдардың әзірлену сапасы, тиімділігі және қолданысқа енуі***

Өңірлік деңгейде жүргізіліп жатқан мониторинг жұмыстарының нәтижелері бойынша әзірленген талдау материалдары аясында берілген әдістемелік немесе тәжірибелік ұсынымдардың сапасы мен тиімділігіне жасалған талдау мынадай ерекшеліктерді көрсетті:

1) Көптеген өңірлердің, атап айтқанда, Қарағанды, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласының уәкілетті органдарының талдау материалдарында берген ұсынымдары мазмұндық және техникалық тұрғыдан дұрыс құрылымданбаған. Ұсынымдарда стилдік, грамматикалық қателер де көптеп орын алған.

Мәселен, Қарағанды облысының мамандарының ұсынымдар ретінде жолдаған мынадай жазбалары қалыптасқан жағдайды баяндайтын ақпарат болып қана табылады:

- *«Облыстың мешіттеріне білікті кадрлардың (имамдардың) жетіспеушілігі. 182 имамның тек 37-нің жоғарғы теологиялық білімі, 49-*

*ның орта арнаулы (медресе) білімі бар, 96-сы қысқа мерзімді курстардан өткен. «Нұр Мүбарак» университетіндегі оқудың төлемақы мөлшері (күндізгі бөлімде – 498 мың тенге, сырттай оқу бөлімінде – 420 мың тенге) барлығына сол жерде мүмкіндік бермейді»;*

- *«Көп жағдайларда оңалту жұмысында әсер етудің төмендігіне ДДА ұстанатындарды сенімінен қайтару жөніндегі заңды (заңнамалық) негіздердің жоқ болуы себеп болып табылады. Алдын алу субъектілерінің теологиялық білімінің төмендігі және ДДА ұстанатындарды оңалту дағдыларының болмауы, тұрақты және ымырасыз көзқарастарды ұстанатын белсенді лидерлерді оңалту үдірісіне кері әсер ететін тағы бір фактор болып табылады. Теологтардың өңірде жүргізіп жатқан жұмыстарының тиімді нәтиже бермей отырғаны тәжірибе жүзінде көрініп отыр».*

Аналогиялық жағдай Жамбыл және Алматы облыстарының тәжірибесінде де кездеседі:

- «*Мешіт имамдарының діни қызметіне байланысты шешімін таппай отырған күрделі мәселелері: 1. Мешіттердің коммуналдық шығындар мәселесі; 2. Имамдардың зейнетке шығу барысында имамдық еңбек өтілінің ескерілмеуі; 3. Имамдардың медициналық сақтандыру мәселесі; 4. Ауылдық жерлердегі мешіттердің күрделі әлеуметтік ахуалына байланысты ҚМДБ-на төленетін 30% міндетті жарнадан босату мәселесі» (Жамбыл облысы);*

- «*Жүргізілген зерделеу, талдау нәтижесінде ҚМДБ-на тиесілі 16 мешітте имамдар қызметте жоқ; Осы мәселені шешу мақсатында ҚМДБ-ның Алматы және Талдықорған өкілдіктеріне Басқармаға қатысты орталық тарапынан бос мешіттерді білікті имамдармен қамтамасыз ету туралы «Нұр Мүбарак» және «Үшқоңыр» медресе-коледжін бітіретін облыс азаматтарының тізімі көрсетілген хат жіберілді» (Алматы облысы).*

Ақтөбе облысының мамандары ұсынымдардың мазмұнын берудің орнына талдау материалдарының тақырыптарын жолдаған. Батыс Қазақстан облысы әдістемелік ұсынымдарға қатысты мүлде ақпарат бермеді. Сондай-ақ ешбір өңір алдын ала сұратылған сапалы жазылған талдау материалдарының бірінің толық мәтінін жібермеген.

Жалпы алғанда, әдістемелік немесе тәжірибелік ұсынымдардың сапалы әзірленбеуі, өз кезегінде, олардың адрестік дұрыс бағытталуына, қолданысқа енгізілуіне және тиімді нәтиже беруіне мүмкіндік бермейді деуге болады.

Жоғарыда аталған өңірлермен салыстырғанда Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар, Атырау облыстары мен Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары мамандарының әзірлеген ұсынымдары біршама сапалы әзірленгені анықталды. Мәселен, салыстырмалы түрде болса да, сауатты құрылымданған мынадай ұсынымдарды атап өтуге болады:

- «*Өңірдегі ДДА ұстанушы азаматтарын оңалтумен айналысатын 21 теолог бар. ДДА ұстанушы санын ескерсек, әлі 13 теолог жеткіліксіз. «Нұр Мүбарак» университетінде Маңғыстаулық 87 студент білім алып жатыр. Олар көбі оқуды бітіргеннен кейін өңірге келіп теолог қызметін жасаудан*

*бас тартады. Осыған байланысты, өңірге теолог мамндарын қаматамасыз етуге ықпал жасауды ұсынамыз» (Маңғыстау облысы),*

- «*Шетелдік теологиялық-оқу орындарында оқуға ниеттенген және олардың түлектеріне тиісті жұмыстарды ұйымдастыру», «Митинг кезінде қатысушылардың арасынан ДДА сипаттағы адамдарды жедел аңықтап, профилактикалық шаралар жүргізу» (Алматы қаласы).*

2) Өңірлердің ақпаратына сүйенсек, ұсынымдардың барлығы белгілі бір мемлекеттік органдар *(ҚР АҚДМ, өңір әкімінің орынбасары, ҚР ҰҚК, т.б.)* мен діни ұйымдарға *(ҚМДБ)* бағытталған. Алайда ақпаратта жолданған ұсынымдардың мазмұнында олардың адрестік бағытталуына қатысты мәлімет кездеспейді. Сәйкесінше, мұндай жағдай да ұсынымдар әзірлеумен байланысты мәселенің бір қырын таныстырады.

3) Өңірлерден алынған ақпарат толық болмағандықтан, берілген ұсынымдардың қолданысқа енгізілуі және тиімділігі жөнінде, сондай-ақ адресат тарапынан қандай да бір кері байланыстың болғандығы туралы тұжырым жасау мүмкін болмады.

***3. Өңірлік деңгейдегі діни ахуалды зерделеуге бағытталған социологиялық зерттеулердің жүргізілуімен байланысты мәселелер***

Діни ахуалды зерделеуге бағытталған социологиялық зерттеулердің көпшілігі мониторингтік зерттеулер болып табылады. Зерттеу назарындағы құбылыстың статикалық немесе динамикалық жағдайын зерделеу мақсатына қарай социологиялық зерттеулердің **нүктелі** және **қайталанбалы (мониторингтік)** деген екі түрі бар. Сәйкесінше, мұндай зерттеулер аясында назардағы құбылыстар мен процестердің тоқсан (жарты жыл, жыл) сайынғы өзгеріс динамикасына бақылау жүргізіледі.

Діни ахуалды зерделеуге бағытталған мониторингтік социологиялық зерттеулер жалпы мониторингтің құрамдас бөлігі болып табылады және басқа әдістермен зерделенбейтін мынадай индикаторларды бақылауға мүмкіндік береді: *тұрғындардың діни бірегейлік деңгейі; тұрғындардың діни толеранттылық деңгейі; конфессияаралық қашықтық деңгейі; тұрғындардың зайырлы мәдениетінің деңгейі; тұрғындардың дін саласындағы құжаттар, бағдарламалар, заңдар жөнінде ақпараттану деңгейі; діни қатынастар саласында шиеленістің болу мүмкіндігі деңгейі; т.б.*

Талдау аясында өңірлерде жүргізілетін социологиялық зерттеулердің түрлерін, олардың діни ахуал мониторингімен байланыс деңгейін және нәтижелерінің талдау шеңберінде қаншалықты қолданылып жатқандығын анықтау мақсатында өңірлерге сұрау жолданған болатын.

Ақпарат жолдаған 15 өңірдің ішінде 3 өңір *(Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары)* 2020 жылы түрлі себептермен социологиялық зерттеулер жүргізілмегендігін ескертіп, мәлімет бермеген.

12 өңірден жинақталған ақпараттарды талдау мынадай жағдайды таныстырады:

1) Өңірлерде жүргізіліп жатқан социологиялық зерттеулердің

мониторингтік зерттеулер екендігі анықталды. Алайда олардың жүргізілу жиілігі әртүрлі көрсетілген. Атап айтқанда, 2 өңірде *(Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан облысы)* зерттеу жиілігі жылына 2 рет болса, 4 өңірде *(Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Шымкент қаласы)* әр тоқсан сайын жүргізіледі. Қалған 5 өңір *(Нұр-Сұлтан қаласы, Жамбыл, Маңғыстау, Алматы, Түркістан облыстары)* зерттеулердің жүргізілу жиілігін көрсетпеген.

Қарағанды облысының мамандары жүргізіліп жатқан зерттеулерінің мониторингтік зерттеуге қатыстылығын анықтау мақсатында қойылған сұраққа *«зерттеу сауалнама түрінде жүргізіледі»* деп жауап берген. Аталған жауап сала мамандарының біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігіне меңзейді.

2) Өңірлерден келіп түскен ақпарат жүргізіліп жатқан социологиялық зерттеулердің әдіснамасын жеткілікті деңгейде негіздеп бере алмайды. Көптеген өңір мамандарының әдіснама мен зерттеу әдістерін ажырата алмайтындығы байқалады. Олардың әдіснама жөнінде түсіндірме беруі зерттеу әдістерін атаумен шектелген. Сұратылған эмпирикалық зерттеу бағдарламасын ешбір өңір қосымша жолдамаған.

Солтүстік Қазақстан облысының мамандары ешқандай әдіснамаға сүйенбейтіндіктерін жеткізсе, Павлодар облысының мамандары ҚР АҚДМ тарапынан жолданған әдіснама негізінде жұмыс жүргізетіндіктерін айтқан.

3) Алынған ақпараттарға сүйенсек, аталған социологиялық зерттеулер 2 категория өкілдері тарапынан орындалып жатқандығын байқаймыз:

- мемлекеттік тапсырыстар негізінде орындаушы заңды тұлғалар *(Алматы қаласы, Ақтөбе, Қарағанды, Түркістан облыстары);*

- дін мәселелерін зерттеу орталықтарының мамандары *(Шығыс Қазақстан облысы)*.

4) Өңірлердің мамандары социологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізумен байланысты мынадай қиындықтарды атаған: зерттеулерді қаржыландыру деңгейінің төмендігі; карантиндік шектеулер жағдайында елді мекендерге шығып, сауалнама жүргізу мүмкіндіктерінің жоқтығы; т.б.

Зерттеу жұмыстарын жетілдіру бойынша да бірқатар ұсынымдар берген:

- қазіргі өзекті мәселелерді қамти отырып, жаңартылған бірыңғай зерттеу әдіснамасын әзірлеу *(Алматы қаласы, ШҚО)*;

- тұрғындардың, соның ішінде діни топтардың діндарлық деңгейлерін сапалы анықтау мақсатында діни бірлестіктердің әлеуетін пайдалану *(Қарағанды облысы);*

- сауалнамаларды онлайн форматқа көшіру мүмкіндігін қарастыру *(Нұр-Сұлтан қаласы).*

Жоғарыда аталғандардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1) Өңірлерде жүргізіліп жатқан социологиялық зерттеулер мониторингтік зерттеулер болса да, өңірдегі діни ахуал мониторингі жұмысының аясына кіріктірілмегендігі байқалады. Яғни, социологиялық

зерттеулер мониторингтің аясында емес, одан тыс жүргізілуде және жеке іс-шара ретінде анықталған. Олардың нәтижелері мониторинг аясындағы талдау материалдарында көрініс бермеген.

2) Социологиялық зерттеулердің операторы болып табылатын мекеме мамандарының ғылыми-теориялық біліктілік деңгейлерінің жеткіліксіздігі зерттеулердің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ете алмай отыр деуге болады.

***4. Дін саласындағы жергілікті құзырлы органдардың талдау мен мониторингке жауапты бөлімдерінің сапалық құрамы***

Дін саласындағы құзырлы ЖАО мен оларға қарасты мекемелердің құрамындағы мониторинг пен талдауға жауапты бөлімдердің сапалық құрамын анықтау мақсатында жолданған сұрауға бірқатар өңірлер толық мәлімет бермеген. Атап айтқанда, ақпарат жолдаған 15 өңірдің ішінде мониторинг пен талдауға жауапты мамандарының білімі жайлы мәліметті 11 өңір ғана жолдаған. Ақтөбе, Алматы, Жамбыл облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ақпарат берілмеген. Ал мониториг пен талдауға жауапты қызметшілерінің мамандықтары жайлы мәліметті тек 10 өңір ғана ұсынып отыр. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және Ақтөбе, Алматы облыстары бойынша ақпарат алынбады.

Сұратылған ақпараттың толық болмауы себебінен жасалған талдау республика өңірлері бойынша қалыптасқан жағдайды толық сипаттауға мүмкіндік бермейді. Дегенмен, қолда бар материалдарға жасалған талдау мынадай жағдайды көрсетеді:

1) Дін саласындағы құзырлы ЖАО мен оларға қарасты мекемелердің арасында талдау мен мониторинг аясындағы өзара іс-қимыл мен жауаптылық деңгейлері жеткілікті анықталмағандығы байқалады. Аталған жағдайға негіз болып отырған басты себеп тиімді ұйымдастырылған және теориялық-методологиялық тұрғыдан сапалы негізделген мониторинг жүйесінің жоқтығынан деуге болады.

Мәселен, Жамбыл облысының Дін істері басқармасы өз құрамында талдау мен мониторинг бөлімінің жоқ екендігін айтады. Ондай бөлімнің басқармаға қарасты мекеменің базасында қызмет атқаратындығын жеткізген.

2) Дін саласындағы құзырлы ЖАО-дың басым көпшілігінде талдау мен мониторингке жауапты арнайы бөлімдер құрылмағандығы байқалады. Бұл орайда, Батыс Қазақстан облысының Дін істері басқармасында ғана аналогиялық атаудағы бөлімнің бар екендігі анықталды. Өзге өңірлер осыған қатысты сұрауға нақты ақпарат бермей, тек мониторингпен айналысатын мамандарының санын ғана көрсеткен.

Тұрақты атаумен бекітілген арнайы бөлімнің болмауы ведомство қызметінің мониторинг пен талдау саласына тұрақты әрі мақсатты түрде бағдарлануына мүмкіндік бермей, жұмыс сапасын төмендетуі мүмкін.

3) Дін істері басқармаларының мониторинг пен талдауға жауапты бөлімдерінің штаттық жабдықталуымен байланысты өзекті мәселелер де анықталып отыр.

Аталған жұмыс аясында күнделікті режимде кең көлемдегі БАҚ контент-талдауын жасау, құжаттарды талдау, діни және басқа да қоғамдық ортада социологиялық бақылау жүргізу, социологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, жинақталған ақпараттарды өңдеу және талдау, т.с.с. түрлі іс-шаралар атқарылады. Көп жағдайда мұндай іс-шаралар аудандарға іссапармен шығып, тереңірек зерделеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Сәйкесінше, белгіленген жұмыс көлемі мамандардың жеткілікті санына сұраныс туғызады. Алайда қазіргі жағдайдағы мониторинг және талдау бөлімдерінің мамандар саны мұндай міндеттерді атқаруға мүмкіндік бермейді деуге болады.

6-кесте – Өңірлік дін істері басқармаларының мониторинг пен талдауға жауапты мамандарының саны және білімі жайлы ақпарат

| Өңірлер | Мамандардың жалпы саны | Соның ішінде | | Арнайы орта білім |
|---|---|---|---|---|
| | | бакалаврлар | магистрлер | |
| СҚО | 9 | 7 | 1 | 1 |
| Алматы қаласы | 8 | 7 | 1 | - |
| ШҚО | 4 | 3 | 1 | - |
| Қызылорда облысы | 4 | 4 | - | - |
| Түркістан облысы | 3 | 2 | 1 | - |
| БҚО | 3 | 2 | 1 | - |
| Атырау облысы | 3 | 3 | - | - |
| Қарағанды облысы | 3 | 3 | - | - |
| Маңғыстау облысы | 2 | 1 | 1 | - |
| Павлодар облысы | 2 | 1 | 1 | - |
| Шымкент қаласы | 2 | 1 | 1 | - |
| **Барлығы** | **43** | **34** | **8** | **1** |

4) Өңірлік деңгейдегі мониторинг және талдау жұмыстарының сапасы аталған қызмет саласына жауапты мамандардың біліктілік деңгейіне де байланысты. Өңірлерден келіп түскен деректерге сүйенсек, мониторинг жұмыстарына жауапты мамандардың салмақты бөлігі біліктілік талаптарына сәйкес емес деуге болады. Әсіресе, мынадай өңірлерде мәселенің ерекше өзекті екендігі байқалады:

- Батыс Қазақстан облысында мониторингке жауапты 3 маман бар: тарихшы, экономист, география және экология саласының маманы;

- Маңғыстау облысында барлығы 2 маман бар: құқықтанушы, геодезия және картография саласы маманы;

- Павлодар облысында барлығы 2 маман бар: экономист және халықаралық қатынастар саласы маманы.

Алынған ақпараттар Дін істері басқармаларына қарасты мекемелердің мониторинг және талдау бөлімдерінің кадрлық қамтамасыз етілуінде де өзекті мәселелердің бар екендігін көрсетеді. Мәселен, діни радикализм

мәселелері аса өзекті болып табылатын Ақтөбе облысының «Аңсар ақпараттық талдау орталығы» КММ-нің мониторинг пен талдауға жауапты бөлімінде 5 маман қызмет атқарады. Олардың кәсіби біліктілігі бойынша құрамы мынадай: дінтанушы, психолог, интерьер дизайнері, филолог, іс-қағаздарды жүргізуші.

7-кесте – Өңірлік дін істері басқармаларының мониториг пен талдауға жауапты қызметшілерінің мамандықтары жайлы ақпарат

| Өңірлер | Дінтану | Әлеуметтану | Құқықтану | Басқалар |
|---|---|---|---|---|
| Павлодар облысы | - | - | - | 2 |
| Маңғыстау облысы | - | - | 1 | 1 |
| Қарағанды облысы | - | - | 1 | 2 |
| БҚО | - | - | | 3 |
| ШҚО | - | - | 2 | 2 |
| Қызылорда облысы | - | 1 | 1 | 2 |
| Жамбыл облысы | - | 1 | - | 1 |
| Атырау облысы | 2 | - | 1 | - |
| Түркістан облысы | 2 | 1 | - | - |
| СҚО | 3 | | 2 | 4 |
| **Барлығы** | **7** | **3** | **8** | **17** |

Мониторинг және талдау жұмыстары мамандардың академиялық және ғылыми жоғары біліктілігін талап етеді. Деректерге сүйенсек, ақпарат берген 11 өңірде мониторинг және талдау саласында 43 маман еңбек етсе, олардың ішінде магистр академиялық дәрежесі барлары 8 адам немесе 18,6% ғана. Ғылыми дәрежелі мамандар жоқ.

Кәсіби біліктілікпен байланысты мәселелерді Атырау, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының мамандары сала бойынша біліктілік арттыру курстарынан өту арқылы шешіп отырса, Қарағанды, Маңғыстау, Түркістан, Павлодар облыстарының және Шымкент қаласының мамандары мұндай курстардан да өтпеген.

Ақпаратты өңдеумен байланысты компьютерлік бағдарламаларды меңгерген мамандары бар 2 өңір ғана анықталды: Қызылорда облысында 1 маман SPSS бағдарламасын, ал Павлодар облысында 1 маман «Analitics» және SPSS бағдарламаларын игерген.

***5. Мониторингті ұйымдастыру және жүргізумен байланысты қиындықтар және мамандар тарапынан сұраныс тудырып отырған алғышарттар***

Талдау аясында өңірлерге жолданған сұрауда *«Мониторингті ұйымдастыру және жүргізумен байланысты қандай қиындықтар кездеседі?»* деген сұрақтар қойылған болатын**.**

Алынған ақпараттарға сүйенсек, өңірлерде талдау мен мониторинг жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізумен байланысты мынадай негізгі қиындықтар мен өзекті мәселелер кездеседі:

1) мониторинг жүргізу бойынша нұсқаулықтар мен әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі *(көптеген өңірлер үшін өзекті);*

2) ақпарат жинауға және өңдеуге қажетті сапалы компьютерлік бағдарламалық жабдықтаудың жоқтығы *(Нұр-Сұлтан қаласы)*;

3) мониторингке жауапты мамандарға функционалдық міндеттеріне сай келмейтін міндеттерді жүктеу негізінде жұмыс сапасының төмендеуі *(Маңғыстау облысы);*

4) мониторинг аясында «жабық» діни топтардың қызметін үздіксіз бақылауда ұстау, оларға қатысты ақпарат жинақтау мүмкіндіктерінің шектеулі жағдайы *(Алматы қаласы, Павлодар облысы);*

5) дін мәселелерін зерттеумен айналысатын КММ қызметкерлерінің еңбекақыларының төмендігі салдарынан ынталандыру деңгейінің төмендеуі, мамандардың жұмыста тұрақтамауы және соның негізінде жұмыс сапасының төмендеуі.

*«Өңірдегі діни ахуал мониторингі мен талдау жұмысының деңгейін көтеру үшін Сіздің ведомство (мекеме) мамандарына қандай алғышарттар, қолдау, көмек қажет?»* деген сұраққа өңірлер негізінен мынадай сұраныстары бар екендігін жеткізген:

1) мамандардың еңбекақыларын өсіру, әлеуметтік ынталандыру тетіктерін қарастыру;

2) мониторинг және талдау мәселелері бойынша жүйелі түрде семинар-тренингтер ұйымдастырып отыру *(Павлодар, Түркістан, Маңғыстау, Атырау облыстары);*

3) мониторинг және талдау жұмыстарымен мақсатты түрде айналысатын арнайы бөлімдердің ашылуын қамтамасыз ету *(Нұр-Сұлтан қаласы, Ақтөбе облысы).*

Діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстарына негізгі жауапкершілік өңірлік дін мәселелерін зерттеуге жауапты мемлекеттік мекемелерге жүктеледі десек, бүгінде олардың саны 17 бірлікті құрайды (өңірлік деңгейде). Соның ішінде құқықтық-ұйымдық формасы жағынан: жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) – 1 мекеме; мемлекеттік коммуналдық мекеме (КММ) – 16 мекеме.

Мекемені ЖШС формасында құру негізінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдіктері өз мамандарының еңбекақысын 135-150 мың теңге аралығындағы деңгейге жеткізген. Ал, КММ формасындағы мекемелердің мамандарының орташа еңбекақысы 48-72 мың теңге мөлшерінде қалып, өте төмен деңгейді көрсетеді деуге болады.

**2-ші тарауша бойынша қорытынды**

ЖАО-дың өңірлік деңгейдегі діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстарында келесідей негізгі проблемалардың бар екендігін байқаймыз.

**Бірінші.** ЖАО-ға, яғни облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне бағынысты өңір деңгейінде дін мәселелерін зерттейтін КММ қызметкерлерінің еңбекақыларының төмендігі. Осының

салдарынан ынталандыру деңгейі төмендеп, мамандар жұмыста тұрақтамайды.

**Екінші.** Қызметкерлердің ғылыми-теориялық біліктілік деңгейлерінің жеткіліксіздігі. Нәтижесінде діни ахуалды талдау мен зерттеу жұмыстарының сапасы әлсіз болып отыр.

**Үшінші.** Уәкілетті орган тарапынан құзырлы ЖАО-ын өңірлік деңгейдегі діни ахуалды талдау және мониторинг жұмыстары бойынша әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі өте төмен.

**Төртінші.** Ақпарат жинауға және өңдеуге қажетті сапалы компьютерлік бағдарламалық жабдықтаудың аздығы, тәжірибеде мониторинг аясында ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламаларды қолдану деңгейі төмендігі және олардың тілін қызметкерлердің меңгермеуі.

Аталған проблемалар А.Файольдің теориясына сәйкес, «ұйымдастыру» функциясымен байланысты. Жұмысты ұйымдастыру ол – жоспарлау процесінде қойылған міндеттерді (шикізат, жабдық, капитал және персонал) шешу үшін кәсіпорынды барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету. Демек, КММ қызметкерлерінің еңбекақыларының төмендігі, ылыми-теориялық біліктілік деңгейлерінің жеткіліксіздігі, әдістемелік қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі – ұйымдастырудың әлеуметтік аспектісі болып табылады. Бұл өз кезегінде «өкімшілік ету» функциясына теріс әсер етеді. Себебі, қызметкерлердің алдарына қойылған міндеттерін барынша тиімді орындау үшін оларды қажетті іс-әрекеттерге ынталандыратын мүмкіндіктерді азайтады.

**Бесінші.** Діни ахуалды бағалайтын өлшемдердің жеткілікті анықталмағандығы және бұл жұмыстар бойынша Республика көлемінде ортақ әдіснама қалыптаспаған.

Жалпы, анықталған проблемалар 2020 жылы **ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының** «2018-2022 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмді қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның» іске асырылуы бойынша жүргізілген **зерттеу қорытындысымен толық сай келеді** [119]:

*«Кадрлардың жиі ауысуы, еңбекақының төмен деңгейі, кейде біліктілігінің төмен болуы, тіпті мамандардың бейінді білімінің болмауы – бұл мемлекеттік бағдарламаның іс жүзінде іске асырылуына тікелей әсер ететін сала проблемаларының бір бөлігі ғана».*

Өз кезегінде ақпарат жинауға және өңдеуге қажетті сапалы компьютерлік бағдарламалық жабдықтауды қоспағанда (бұл әкімдіктердің құзыретінде), аталған проблемаларды шешу уәкілетті органның құзыретіне кіреді. Мәселен «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңының» 4 бабына сәйкес, уәкілетті орган *«жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады»*, *«республикадағы діни ахуалды зерделеуді және талдауды жүргізеді»*, деп көрсетілген.

Сонымен қатар КММ қызметкерлерінің еңбекақылары жергілікті бюджеттен қаржыландырылағымен, елдің барлық азаматтық қызметшілері

сияқты оларға еңбекақы төлеу жүйесі ҚР Үкіметінің №1193 Қаулысымен айқындалады [120]. Сондықтан бұл мәселені ЖАО әрқайсысы тікелей өздері шеше алмайды. Сәйкесінше, дін саласындағы уәкілетті орган Үкімет жанындағы Комиссия немесе ТҚО-тың отырыстарының күн тәртібіне шығару арқылы бұл проблеманың оңтайлы шешілу жолдарын ұсынуы тиіс.

Ал, ЖАО салалық міндеттерді сапалы орындауы үшін олардың қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға да уәкілетті орган, яғни АҚДМ мүдделі болып, бұл жұмыстарды үнемі әрі жүйелі ұйымдастырып тұруы тиіс деп санаймыз.

2022 жылдың 14 сәуірінде ҚР Үкіметі *«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы туралы»* кешенді жоспарын бекітті [121]. Онда денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт және ғылым салалары қызметкерлерінің, медициналық бейіндегі сот сарапшыларының, халыққа қызмет көрсету орталықтары, коммуналдық кәсіпорындар және мемлекеттік БАҚ қызметкерлерінің орташа жалақысын ұлғайту көзделген.

Алайда өңір деңгейінде дін мәселелерін зерттейтін КММ қызметкерлері бұл тізімге енбеген.

Осылайша, өңірлерде діни ахуалды талдау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша құзырлы ЖАО мен уәкілетті органның өзара іс-қимылының әлсіздігін, әсіресе уәкілетті орган өзіне жүктелген құзыретті тиімді іске асыра алмай отырғандығын байқаймыз. Аталған проблемалардың осын алуының себептерінің бірі – дін саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылу мәселелері бойынша құзырлы ЖАО-ның қызметіне бақылау және қадағалау жұмыстарын жүргізбеуінде болуы мүмкін.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» ҚР-ның Конституциялық заңының 22 бабының 1 тармақшасына және 24 бабының 4 тармақшасына сәйкес, министрлікке де, оның ведомствасына да өз құзыреті шегінде **бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру құзыреті жүктелген** [122].

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің №898 Жарлығына сәйкес, **орталық атқарушы органдар мен олардың құрамына кіретін ведомстволарға министрліктердің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша орталық және ЖАО-дың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру жүктелген** [123].

Бұл маңызды функциялардың орталық атқарушы органдар мен олардың құрамына кіретін ведомстволарға жүктелуі ҚР-дағы мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуға, орталық және ЖАО-дың дербестігі мен жауапкершілігін арттыруға негізделген **мемлекеттік басқарудың қағидаты ретінде айқындалған**. Өз кезегінде осы қағидат біртұтас (унитарлық) мемлекеттік құрылыс қағидаттарының негізінде, жинақы әрі тиімді атқарушы билігін

құру және мемлекеттік басқару жүйесін реттеу мен оның тиімділігін арттыру мақсатында қалыптасқан.

Алайда, АҚДМ-нің және оның құрамындағы ведомство – Дін істері комитетінің ережелерінде министрліктердің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша, **яғни дін саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылу мәселелері бойынша орталық және ЖАО-дың қызметін бақылау және қадағалау функциялары мүлдем қарастырылмаған** [113, 124].

2016 жылы болған террорлық актілерден кейін, діни экстремизм идеологиясынан жапа шеккен адамдарды оңалту саласындағы танымал сарапшы-практик, оңалту бойынша әдістемелік құралдардың авторы, «Ақниет» қоғамдық қорының негізін қалаушы және бірінші директоры Ә.Қиманов:

*«Мен үшін, мысалы, бес жыл бұрын жүргізілген билікті орталықсыздандыру саясатындағы олқылықтар анықталды. ... Атап айтқанда* ***орталық органдарында инспекторлық функциялар жетіспейді****. Тексеру тіпті кешенді болуы керек шыған. Мысалы, Дін істері комитеті міндетті күші бар қандай да бір ұйымдастырушылық қорытындылар мен талаптарды шығара отырып, облыстық Дін істері басқармаларын ресми түрде* ***инспекциялай алмайды****. Жалпы, Дін істері басқармалары* ***қызметінің тиімділігін бағалау критерийлері де жоқ****»,* деп айтқан [125].

Дін істері комитеті төрағасының бұрынғы орынбасыры Б.Мырзаев бұл мәселе бойынша 2021 жылдың 10 қыркүйегінде келесі пікірді білдірді [126]:

*«****Для минимизации рисков и угроз в сфере религии*** *необходимо, прежде всего, реформировать систему государственного управления по вопросам регулирования религиозной деятельности.* ***В силу отсутствия четких механизмов координации*** *не выстроена на должном уровне вертикаль взаимодействия республиканских и региональных структур по основным направлениям работы. Деятельность региональных центров исследований проблем религий - ЦИПР - в части профилактики религиозного экстремизма и разъяснительных работ* ***не контролируется на центральном уровне, тогда как это является главным и ключевым направлением государственной политики в религиозной сфере****. Но на сегодняшний день не уделяется внимание этим актуальным проблемам».*

Осыған байланысты, уәкілетті орган мен оның ведомствасы елді-мекендерде «орталықта» қалыптасқан дін саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылу сапасы мен тиімділігін бақыламайды деген қорытындыға келуге болады.

Өңірлердегі діни ахуалды кешенді түрде зерделеп, оған сапалы талдау тек діни экстремизмнің алдын алуға ғана емес, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың басқа да негізгі бағыттарына оң ықпал етеді. Атап айтқанда, адамдардың діни наным-сенім бостандығы бойынша құқықтарын сақтауда, зайырлылық қағидаттарының бұзылмауын қамтамасыз етуде, мемлекеттік-конфессиялық және дінаралық, конфессияаралық қарым-қатынастарды

нығайтуда, әрі діни және миссионерлік қызметті реттеуде құзырлы органдардың діни ахуалды зерделеу, талдау және болжамдау қызметі ерекше орын алады деп есептейміз.

Осы орайда келесі тараушада Қазақстанның дін саласындағы саясатын іске асыруда мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіруге бағытталған тәжірибелік нақты ұсыныстар беретін боламыз.

### 2.3 Қазақстанның дін саласындағы саясатын іске асырудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Жүргізілген зерттеудің нәтижесі бойынша Қазақстанның дін саласындағы саясатын іске асыруда мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіретін келесі шараларды қабылдау мақсатқа лайықты деп білеміз.

**ҚР-ның Президенті Әкімшілігіне:**

1. **Функционалдық міндеттері бойынша дін саласындағы мемлекеттік саясатқа жауапты болатын ҚР Президенті Әкімшілігінде нақты лауазымды тұлғаны *(тұлғаларды)* – саяси мемлекеттік қызметкерді *(қызметкерлерді)* анықтау;**

Жауапты лауазымды тұлғаның қызметінің мәні ҚР Президентінің дін саласындағы өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ету деп және негізгі міндеттері мен функциялары ретінде мыналарды бекіту:

1) дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде:

– адамдардың діни сенім бостандығын қамтамасыз ету;

– діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мен оның алдын алу;

– мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар қызметінде зайырлылық қағидаттарын сақтау;

– мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды, дінаралық, конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету;

– діни және миссионерлік қызметті мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша.

2) ҚР Президенті мен ҚР Президенті Әкімшілігі басшылығын елдегі діни ахуал туралы хабардар ету;

3) дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) ҚР-ның дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету.

ҚР Президенті Әкімшілігіндегі дін саласына жауапты лауазымды тұлға аталған міндеттерді іске асыру үшін өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстандағы діни ахуал бойынша талдамалық жазбалар, шолулар және ақпараттық-талдамалық құжаттар дайындау;
2) ҚР Президенті мен ҚР Президенті Әкімшілігі басшылығының дін қайраткерлерімен және діни бірлестіктер өкілдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
3) ҚР Президенті мен ҚР Президенті Әкімшілігінің атына келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
4) дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша ҚР Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау;
5) ҚР Президентінің жанындағы, ҚР Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, сондай-ақ ҚР-ның Терроризмге қарсы орталығының отырыстарына қатысу;
6) мемлекеттік органдардың дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруын, дін саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша ҚР Президенті актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылау;
7) дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша мүдделі орталық мемлекеттік органдар мен ЖАО-дың өзара іс-қимылын және қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету;
8) Қазақстанның, шет елдің дін саласындағы діни қайраткерлерімен, діни бірлестіктер мен ғылыми-сарапшылық қауымдастық өкілдерімен, сондай-ақ дін саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
glavnyy-istochnik-terroristicheskoy-ugrozy-dlya-kazahstana/. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
117. Кузекбай А. Более 20 тысяч человек являются последователями деструктивных идеологий в Казахстане - КНБ // – URL: https://lenta.inform.kz/ru/bolee-20-tysyach-chelovek-yavlyayutsya-posledovatelyami-destruktivnyh-ideologiy-v-kazahstane-knb_a3582703. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
118. Нукежанов Е.Б., Хатиев А.Н., Бакиров Б.Ж., Баяжума А., Карабаева М., Шлыкова А.М. Методические рекомендации по проведению мониторинга и анализа религиозной ситуации в регионах Казахстана. Комитет по делам религий Министерства информации и общественного развития, – Нур-Султан, 2019.
119. Среднесрочная оценка реализации Государственной программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму на 2018-2022 гг. глазами практиков: региональный анализ. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, – Нур-Султан, 2020, 28 б.
120. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 Қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
121. «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі №218 Қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000218. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
122. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы №2688 Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002688_. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
123. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы №898 Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000898. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
124. «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетінің ресми

сайты. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/50986?lang=kk. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
125. Нурсеитова Т. Алибек Киманов: В Актобе произошло то, что назревало уже два года // – URL: https://www.zakon.kz/4798891-alibek-kimanov-v-aktobe-proizoshlo-to.html. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
126. Нурсеитова Т. Для снижения рисков и угроз в сфере религии нужно реформировать госуправление – эксперт // – URL: https://www.zakon.kz/5082317-dlya-snizheniya-riskov-i-ugroz-v-sfere.html. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
127. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 Қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
128. «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі №872 Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000872. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
129. Жулмухаметова Ж. Три теракта предотвратили в Казахстане в 2018 году // – URL: https://informburo.kz/novosti/tri-terakta-predotvratili-v-kazahstane-v-2018-godu.html. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
130. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының отырысы туралы. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми сайты // https://www.gov.kz/memleket/entities/knb/press/news/details/37132?lang=kk. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
131. Спецслужба Казахстана сообщает о четырех предотвращенных терактах с начала года // – URL: https://news.myseldon.com/ru/news/index/232656518. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.
132. Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ресми сайты // – URL: https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-prinyal-uchastie-v-torzhestvennom-sobranii-po-sluchayu-30-letiya-komiteta-nacionalnoy-bezopasnosti-1361350. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.

## ҚОСЫМШАЛАР

**1-қосымша**
**Талдамалық жазба**

**ҚР Президенті Әкімшілігінің**
**Басшысына**

*Дін саласындағы мемлекттік саясатты*
*іске асырудың өзекті мәселелері туралы*

Діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл үшін 2013-2022 жылдарға республикалық және жергілікті бюжеттен 373 млрд тенге қарастырылып, өте ауқымды іс-шаралар жүргізілуде. Жыл сайын тұрғындармен ондаған мың кездесулер ұйымдастырылады, интернеттегі жүздеген мың материалдар бұғатталып, жойылады, БАҚ мен әлеуметтік желілерде қарсы насихат бағытындағы жүз мыңнан астам материалдар жарияланады. Діни экстремизм идеологиясынан зардап шеккен және бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі мыңдаған азаматтар оңалтылуда. Бұл ауқымды жұмыстарға тиісті мамандар және кейбір діни бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар тартылған. Отандық жоғары оқу орындарында мемлекеттік оқу тапсырысымен «исламтану», «дінтану» және «теология» мамандықтары бойынша мыңдаған мамандар даярлануда.

Сонымен бірге, зерттеу барысында дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырушы уәкілетті орган мен облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың ЖАО-ның өзара іс-қимылын ұйымдастыруда бірнеше олқылықтар анықталды. Әсіресе, салалық саясаттың басым бағыты – діни экстремизмнің алдын алу жұмыстары, уәкілетті орган мен ЖАО-дың қызметтік нысанын, міндеттері мен функцияларын бекіту, өңірдегі діни ахуалға талдау мен мониторинг жүргізу, ЖАО-дың салалық саясатты іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру мен бақылау-қадағалау жұмыстары бойынша бірқатар проблемалар байқалды.

Сондай-ақ, мемлекет ресурстары мен бюджет қаражатының басым бөлігі құзырлы мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлерінің жалақыларын өсіруге, олардың кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру мен әдістемелік қамтамасыз етуге және басқа да превенциялық іс-шараларды ұйымдастыруға емес, яғни діни экстремизмнің алдын алуға емес, оның салдарымен күресуге әрі имиджік жұмыстарға бағытталған.

Осы орайда діни экстремизмнің алдын алу әрі оған қарсы іс-қимыл бойынша міндеттерді іске асыруда орталық мемлекеттік және ЖАО-дың қызметін үйлестіру үшін және дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту мақсатымен құрылған консультативтік органдардың қызметін жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Сонымен қатар, діни экстремизмнің алдын алу бойынша іс-шаралардың негізгі орындаушылары ретінде уәкілетті орган анықталғанымен, оның қызметінде тұрақтылық қалыптаспаған. Дін саласындағы уәкілетті органды айқындау *(құру, тарату, атауын өзгерту, қайта ұйымдастыру)*, мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдаманы әзірлеу, келісу және бекіту ҚР Президентінің тапсырмасының негізінде орындалған. Осы орайда дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру мәселелері бойынша және бұл бағытта Мемлекет басшысының өкілеттігін іске асыруды қамтамасыз етуде ҚР Президентінің Әкімшілігі ерекше орын алады. Дегенімен, уәкілетті орган қызметінің тұрақтылығы мен оның ЖАО-мен өзара іс-қимылы қажетті деңгейде қамтамасыз етілмей келеді.

Нәтижесінде, 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламада діни экстремизмнің алдын алу шаралары жоспарланған барлық іс-шаралардың жалпы санының 1/3-ін құрағанымен, бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаражаттың 0,55 %-ы (1,5 млрд тенге) ғана діни экстремизмнің алдын алу шараларына қарастырылған. 2014 жылдан бері, яғни 10 жылдың ішінде тіркелмеген діни қауымның жақтаушыларының қатысуымен 40-тан астам террористік акция жоспарланған. Сондай-ақ, олардың саны үздіксіз көбейіп, қызметі қылмыстанып келеді.

Осыған байланысты құзырлы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру үшін функционалдық міндеттері бойынша дін саласындағы мемлекеттік саясатқа жауапты болатын ҚР Президенті Әкімшілігінде нақты лауазымды тұлғаны *(тұлғаларды)* – саяси мемлекеттік қызметкерді *(қызметкерлерді)* анықтау ұсынылады.

Осылайша, саладағы өзекті мәселелерді шешуге, қауіп-қатерлердің алдын алуға, дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша (оның ішінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша) бір жағынан уәкілетті және ЖАО-дың, ал екінші жағынан мүдделі арнайы және құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру мен бақылауды қамтамасыз етуге болады. Сондай-ақ, ел басшылығын діни ахуал туралы толық, объективті және жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз етуге әрі Мемлекет басшысының осы бағыттағы өкілеттіктерін тиімді іске асыруға мүмкіндік тудырады деп санаймыз.

**Байбол Е.Қ.**

**2-қосымша**

**Қазақстан аумағындағы тіркелмеген діни қауымның өкілдері тарапынан жасалған құқықбұзушылықтар туралы 2019-2021 жылдар аралығында электронды БАҚ-та жарияланған материалдар туралы ақпарат**

| № | Жарияланым атауы | Жарияланған уақыты | Қысқаша мазмұны | Құқық бұзушылықтардың сипаты | Өңір атауы | Сілтеме |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Трагедия одной семьи Жетысая: религиозный кошмар и истязания с согласия отца | 18.04.2019 | Жетісай қаласында бір салафиттің әйелі күйеуінің өзіне көрсеткен қорлығынан құтылу үшін туған қызын сабап, пышақ пен қысқашпен дене жарақаттарын салуға мәжбүр болған. Нәтижесінде салафит әйелін қорқытып, одан «қыздарымнан бас тартамын» деген қолхат жаздырып алып, үйге екінші әйелін кіргізіп алған. | ҚР Қылмыстық Кодексі 110-бап «Қинау», 140-бап «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау» | Түркістан облысы | https://otyrar.kz/2019/04/tragediya-zhetysaya-religioznyj-koshmar-i-istyazaniya-s-soglasiya-ottsa/ |
| 2. | Салафит украл крупную сумму денег у женщины-инвалида в Алматы | 17.05.2019 | Алматылық салафит мүгедек әйелге үйленуге уәде бере отырып, оның жинаған ірі көлемдегі қаржысын ұрлап кеткен. Өзі басқа әйелмен некеде бола тұрып, мүгедек жанға ақша үшін өтірік айтқан | ҚР Қылмыстық Кодексі 188-бап «Ұрлық» | Алматы қаласы | https://www.zakon.kz/4970031-salafit-pohitil-krupnuyu-summu-deneg-u.html |
| 3. | Салафита отправили в тюрьму за | 04.06.2019 | Түркістан облысының Мақтарал ауданында тұратын салафит есірткі сатумен және салафизмді | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол | Түркістан облысы | https://otyrar.kz/2019/06/salafita-otpravili-v- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | хранение марихуаны | | насихаттайтын әдебиеттерді таратумен айналысқан. | тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | | tyurmu-za-hranenie-marihuany/ |
| 4. | Салафит продал в сексуальное рабство женщину-инвалида в Алматы | 22.08.2019 | Алматы қаласында салафит мүгедек әйелді жыныстық құлдыққа сатқан. | ҚР Қылмыстық Кодексі 128-бап «Адам саудасы» | Алматы қаласы | https://www.nur.kz/1812393-salafit-prodal-v-seksualnoe-rabstvo-zensinu-invalida-v-almaty.html |
| 5. | Религиозный фанатик избивал приемных детей и насиловал падчерицу в Караганде | 25.09.2019 | Қарағанды қаласында салафит өгей қызын зорлап, асырап алған балаларын ұрып-соққан. Өгей әкеден көрген қорлық пен зорлықты аналарына айтуға қорыққан балалар бірнеше ай бойы шыдап келген. | ҚР Қылмыстық Кодексі 120-бап «Зорлау», 121-бап «Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері», 126-бап «Бас бостандығынан заңсыз айыру» | Қарағанды облысы | https://www.nur.kz/1818809-religioznyj-fanatik-izbival-priemnyh-detej-i-nasiloval-padcericu-v-karagande.html |
| 6. | Отец бил и требовал носить хиджаб: школьница обратилась за помощью в Акмолинской области | 11.10.2019 | Ақмола облысында бір салафит мектеп жасындағы қызынан орамал киюді талап етіп, сабаған. | ҚР Қылмыстық Кодексі 110-бап «Қинау» | Ақмола облысы | https://www.nur.kz/1821694-otec-bil-i-treboval-nosit-hidzab-skolnica-obratilas-za-pomosu-v-akmolinskoj-oblasti.html |
| 7. | Сторонники салафизма были пойманы с наркотиками | 14.10.2019 | Оралдық салафит ірі көлемдегі есірткімен ұсталған | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу | БҚО | http://zhaikpress.kz/ru/news/storonniki-salafizma-byli- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | | pojmany-s-narkotikami/ |
| 8. | Есірткі дайындаумен айналысқан Жетісайлық жат ағым өкіліне қатысты сот үкімі шықты | 7.11.2019 | Жетісай қаласында салафит басқа жерде емес, тура намаз оқитын бөлмесінде есірткі дайындаумен айналысқан. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Түркістан облысы | https://oninfo.kz/esirtki-dajyndaumen-ajnalys-an-zhetisajly-zhat-a-ym-kiline-atysty-sot-kimi-shy-ty/ |
| 9. | В городе Кандыагаш Актюбинской области обокрали мечеть | 8.11.2019 | Қандыағаш қаласындағы «Нұртай» мешітінің сейфіне ұрыға түскен салафит тұрмысы төмен аналар мен балаларға жиналған халықтың қаржысын ұрлады | ҚР Қылмыстық Кодексі 188-бап «Ұрлық» | Ақтөбе облысы | https://timeskz.kz/61399-v-gorode-kandyagash-aktyubinskoy-oblasti-obokrali-mechet.html |
| 10. | Трое мужчин пропагандировали терроризм во время купания в бане в Актобе | 14.01.2020 | Ақтөбе қаласында қоғамдық жуыну орнында терроризмді насихаттағаны үшін үш ер азамат ұсталған. | ҚР Қылмыстық Кодексі 256-бап «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру» | Ақтөбе қаласы | https://www.caravan.kz/news/troe-muzhchin-propagandirovali-terrorizm-vo-vremya-kupaniya-v-bane-v-aktobe-601445/ |
| 11. | Многодетного отца задержали за пропаганду джихада в | 29.01.2020 | Ер азамат жергілікті мешітте және әлеуметтік желілерде «жиһад» идеясын насихаттаған. | ҚР ӘҚБтК 490 бап «Қазақстан Республикасының діни қызмет және | Түркістан облысы | https://365info.kz/2020/01/mnogodetnogo-ottsa-zaderzhali-za-propagandu- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Туркестанской области | | | діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу» | | dzhihada-v-turkestanskoj-oblasti |
| 12. | Қорқытып ақша талап еткен атыраулық деструктивті діннің фанаттары қамалды (видео) | 10.04.2020 | Деструктивті діни ағымның ұстанушыларынан құрылған қылмыстық топ мүшелері қала аумағында азаматтардан қорқытып ақша талап етумен айналысқан. | ҚР Қылмыстық Кодексі 194-бапи «Қорқытып алу» | | https://kazislam.kz/atyrauskie-salafity/?lang=ru |
| 13. | Задержан салафит за хранение наркотиков | 05.06.2020 | Қандыағаш станциясындағы желілік полиция бөлімінің есірткі бизнесімен күрес жөніндегі жедел тобы, «Ақтөбе-Алматы» бағытындағы №34 жолаушылар пойызында, жедел іздестіру іс-шаралары кезінде есірткімен Ақтөбе облысының 1991 жылы туылған тұрғынын ұстаған. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Ақтөбе облысы | https://kazislam.kz/задержан-салафит-за-хранение-наркоти/?lang=ru |
| 14. | Деструктивті діни ағым мүшелері есірткі үшін адам тонаған | 15.10.2020 | Алматыда екі азамат есірткі дозасын сатып алу үшін қыз келіншектердің алтын бұйымдарын тонаумен айналысқан. Олардың бірі 34, екіншісі 44 жаста. Екеуі де бұрын сотталған. Күдіктілер деструктивті діни ағым мүшелері болып шықты | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Алматы қаласы | http://durbi.kz/2020/10/15/destruktivti-dini-agym-musheleri-esirtki-ushin-adam-tonagan/ |
| 15. | Приверженец ДРТ разбил | 20.01.2021 | Өскемен қаласында бұзақылар «Пивноф» дүкенінің жанындағы | ҚР Қылмыстық Кодексі 202-бап | Өскемен қаласы | http://www.taunews.kz/news/r |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | чужое авто | | тұраққа қойылған автокөліктің алдыңғы әйнегін сындырып, кейін ізін суытқан. Жедел-іздестіру шаралары барысында 38 жастағы ер адам анықталып, ұсталды. | «Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру» | | eligiya/priverzhenets-drt-razbil-chuzhoye-avto |
| 16. | 6 нарушений религиозного законодательства выявили полицейские СКО с начала года | 05.02.2021 | СҚО полицейлері «ВКонтакте» қолданушысының жеке парақшасында діни мазмұндағы фотосуреттер мен аудиожазбаларды орналастыру фактісін анықтады. | ҚР ӘҚБтК 490 бап «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу» | Солтүстік Қазақстан облысы | https://polisia.kz/ru/6-narushenij-religioznogo-zakonodatel-stva-vyyavili-politsejskie-sko-s-nachala-goda/ |
| 17. | «Шариғаттан аттамадым»: Шымкентте қабірлерді кімнің қиратқаны белгілі болды | 12.02.2021 | Шымкентте зират шырақшысы қабірлердің басына орнатылған көк тастарды бүлдірген. Құлпытасқа салынған сурет пен қоршау «дінге жат» деген шырақшы бейнелерді қашап өшіріп, қоршауларды алып тастаған | ҚР Қылмыстық Кодексі 294-бап «Тағылық» | Шымкент қаласы | https://alashainasy.kz/alash/sharigattan-attamadyim-shyimkentte-kabrlerd-kmnn-kiratkanyi-belgl-boldyi-157756/ |
| 18. | В Актюбинской области у приверженца ДРТ изъята крупная партия марихуаны | 16.02.2021 | Ақтөбе облысында жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында ҰҚКД қызметкерлері есірткі заттарын сатумен айналысқан қылмыстық топ қатысушыларының бірін ұстады. Ол Шалқар ауданының тумасы болып шықты. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Ақтөбе облысы | http://www.taunews.kz/news/religiya/v-aktyubinskoy-oblasti-u-priverzhentsa-drt-iz-yata-krupnaya-partiya-marikhuany |
| 19. | Факт реализации запрещенной | 18.02.2021 | Атырауда 21 жастағы қала тұрғыны интернеттегі сайттардың | ҚР ӘҚБтК 490 бап «Қазақстан | Атырау қаласы | http://www.taunews.kz/news/religi |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | религиозной литературы выявлен в Атырау | | бірінде діни әдебиеттер мен ілеспе атрибуттардың сатылғаны туралы хабарлама берді. Оған қатысты әкімшілік хаттама толтырылды. | Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу» | | ya/fakt-realizatsii-zapreshchennoy-religioznoy-literatury-vyyavlen-v-atyrau |
| 20. | В Мангистау приверженец дрт хранил наркотики | 23.02.2021 | Маңғыстау облысы ПД Экстремизмге карсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында 40 жастағы ер адамды ұстады. Тінту кезінде оның «марихуана» есірткі заты табылып, тәркіленді. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Маңғыстау облысы | http://www.taunews.kz/news/religiya/v-mangistau-priverzhenets-drt-khranil-narkotiki |
| 21. | Наркотики на 40 млн тенге изъяли в столице у приверженца ДРТ | 25.02.2021 | Нұр-сұлтан қаласының полицielері жедел-іздестіру шаралары барысында елордада 33 жастағы ер адамды синтетикалық есірткі партиясын сақтаған үшін ұсталды. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Нұр-Сұлтан қаласы | http://www.taunews.kz/news/religiya/narkotiki-na-40-mln-tenge-iz-yali-v-stolitse-u-priverzhentsa-drt |
| 22. | В Актобе приверженцы ДРТ занимались вымогательством | 14.03.2021 | Ақтөбеде бопсалаушылық күдігі бар екі ер адам ұсталды. Полиция департаментіне 38 жастағы ер адам екі миллион теңге көлемінде ақша талап ететіндігі туралы өтінішпен жүгінді. | ҚР Қылмыстық Кодексі 194-бапи «Қорқытып алу» | Ақтөбе қаласы | http://www.taunews.kz/news/religiya/v-aktobe-priverzhentsy-drt-zanimalis-vymogatel-stvom |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 23. | Приверженцы ДРТ занимались браконьерством в Атырау | 20.03.2021 | Атырау облысында браконьерлерден 264 кг балық тәркіленді. Төрт ер адам ұсталды. Олардың екеуі деструктивті діни ағымның жақтаушылары екені анықталды. Жалпы шығын 115 млн теңгеге бағаланып отыр. | ҚР Қылмыстық Кодексі 337-бап «Заңсыз аңшылық» | Атырау облысы | http://www.taunews.kz/news/religiya/priverzhentsy-drt-zanimalis-brakon-yerstvom-v-atyrau |
| 24. | За хранение наркотиков задержан приверженец деструктивного религиозного течения | 31.03.2021 | Алматы облысында Қарасай ауданы Іргелі кентінің 46 жастағы тұрғыны ұсталды есірткі сақтағаны үшін ұсталды. Полицияның мәілмдеуінше деструктивті діни ағымның көз қарасын ұстанушы болып табылады. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Алматы облысы | https://polisia.kz/ru/za-hranenie-narkotikov-zaderzhan-priverzhenets-destruktivnogo-religioznogo-techeniya/ |
| 25. | За распространение радикальной идеологии в соцсетях оштрафованы жители Туркестана | 31.03.2021 | Түркістан қаласының төрт тұрғыны және Созақ ауданының тұрғыны жедел-іздестіру іс-шаралары барысында полиция қызметкерлері тыйым салынған материалдарды өздерінің жеке беттеріне орналастырған пост авторларын ұстады. Ұсталғандардың екеуі деструктивті діни ағымның өкілі. | ҚР ӘҚБтК 453 бап «Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату» | Түркістан облысы | https://polisia.kz/ru/za-rasprostranenie-radikal-noj-ideologii-v-sotssetyah-oshtrafovany-zhiteli-turkestana/ |
| 26. | Жителя Актобе оштрафовали за запрещенные | 02.04.2021 | Ақтөбенің 28 жастағы тұрғынының «ВКонтакте» парақшасында ДАИШ | ҚР ӘҚБтК 453 бап «Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, | Ақтөбе қаласы | https://www.nur.kz/incident/crime/1905904-zhitelya- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аудио и видео в соцсети | | террористік ұйымының (Қазақстанда тыйым салынған) белгілері бар аудиожазба және вахабизм идеологтарының бейнежазбасы табылды. | сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату» | | aktobe-oshtrafovali-za-zapreschennye-audio-i-video-v-sotsseti/ |
| 27. | Приверженец «Таблиги джамагат» изнасиловал ребёнка в Алматы | 07.04.2021 | Алматыда 10 жасар баланы анасының досы зорлаған. Оқиға олардың үйінде болған. Қылмыстық іс қозғалды. Күдікті тергеу изоляторына қамалды | ҚР Қылмыстық Кодексі 120-бап «Зорлау» | Алматы қаласы | http://www.taunews.kz/news/religiya/priverzhenets-tabligi-dzhamagat-iznasiloval-rebenka-v-almaty |
| 28. | Почти 300 человек привлекли к ответственности за нарушения в сфере религии в Туркестанской области | 21.04.2021 | Түркістан облысы ПД экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері көрсетілген кезенде облыс аумағында тұратын 300-ге жуық деструктивті діни ағымдардың ұстанушыларын анықтады, олар түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. | ҚР ӘҚБтК 453 бап «Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату» ҚР ӘҚБтК 490 бап «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу» | Түркістан облысы | https://polisia.kz/ru/pochti-300-chelovek-privlekli-k-otvetstvennosti-za-narusheniya-v-sfere-religii-v-turkestanskoj-oblasti/ |
| 29. | За пропаганду терроризма на пять лет осужден житель Актобе | 24.05.201 | Сауд Арабиясында дәріс алған 34 жасар ақтөбелік терроризмді насихаттағаны үшін сотталды. Дөнегелек жөндеу ғимаратында діни сабақтар өткізу сылтауымен достарына дәстүрлі емес діни | ҚР Қылмыстық Кодексі 256-бап «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария | Ақтөбе қаласы | http://ctc-rk.kz/за-пропаганду-терроризма-на-пять-лет-о.html |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | идеологияны ашық түрде насихаттады. | түрде шақыру» | | |
| 30. | В Караганде приверженцы ДРТ обманывали верующих | 04.06.2021 | Қарағандыда 24 жастағы әйел автожанармай құю станциясындағы жағдайсыз кішкентай бөлмеде оның отбасы қалай өмір сүріп жатқаны жайлы видео түсіріп, таратқан. Қиын өмір туралы айта отырып, ол оған материалдық көмек көрсетуді сұрады. | ҚР Қылмыстық Кодексі 190-бап. «Алаяқтық» | Қарағанды қаласы | http://www.taunews.kz/news/religiya/v-karagande-priverzhentsy-drt-obmanyvali-veruyushchikh |
| 31. | Приверженца деструктивного религиозного течения обвинили в избиении жены и детей в Алматы | 08.06.2021 | Алматыда деструктивті діни ағымның өкілі әйелі мен балаларын ұрды деп айыпталды. Бұл туралы Алатау аудандық ПБ бастығы Ілияс Өмірсеріков мәлімдеді. | ҚР ӘҚБтК 73 бап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» | Алматы қаласы | https://www.nur.kz/society/1916420-priverzhentsa-destruktivnogo-religioznogo-techeniya-obvinili-v-izbienii-zheny-i-detey-v-almaty/ |
| 32. | Талдыкорганец оштрафован за распространение религиозной литературы | 09.06.2021 | Талдықорған қаласындағы Алматы облысы ПД қызметкерлері Талдықорған қаласының 54 жастағы жергілікті тұрғыны діни әдебиеттің тарату фактісі бойынша айпұл салды. | ҚР ӘҚБтК 490 бап «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу» | Алматы облысы | https://polisia.kz/ru/taldykorganets-oshtrafovan-za-rasprostranenie-religioznoj-literatury/ |
| 33. | Марихуану и ружье изъяли у приверженца деструктивного | 11.06.2021 | Ақтөбе облысында деструктивті діни ағымның ұстанушысынан марихуана мен мылтық тәркіленді | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу | Ақтөбе облысы | https://polisia.kz/ru/marihuanu-i-ruzh-e-iz-yali-u- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | религиозного течения | | | мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | | [priverzhentsa-destruktivnogo-religioznogo-techeniya/](priverzhentsa-destruktivnogo-religioznogo-techeniya/) |
| 34. | Представители нетрадиционных религиозных течений пытались сбыть наркотики на 24 млн тенге | 15.06.2021 | Атырау облысында дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері 24 миллион теңгеге есірткі сатуға тырысты | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Атырау облысы | [https://polisia.kz/ru/predstavite li-netraditsionnyh-religioznyh-techenij-pytalis-sbyt-narkotiki-na-24-mln-tenge/](https://polisia.kz/ru/predstaviteli-netraditsionnyh-religioznyh-techenij-pytalis-sbyt-narkotiki-na-24-mln-tenge/) |
| 35. | Әлеуметтік желі арқылы діни экстремизмді насихаттағандар ұсталды | 15.06.2021 | Түркістан облысы полиция департаменті экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілдері әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу барысында Facebook және Twitter пайдаланушылары парақшаларында деструктивті діни ағым идеологиясын насихаттайтын экстремистік сипаттағы бейнероликтер мен басқа да материалдарды жариялаған Түркістан облысының төрт тұрғынын анықтады. | ҚР Қылмыстық Кодексі 405-бап «Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу» ҚР Қылмыстық Кодексі 256-бап «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін | Түркістан облысы | [https://alashainasy.kz/kylmys/aleumettk-jel-arkyilyi-dni-ekstremizmd-nasihattagandar-ustaldyi-166814/](https://alashainasy.kz/kylmys/aleumettk-jel-arkyilyi-dni-ekstremizmd-nasihattagandar-ustaldyi-166814/) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жасауға жария түрде шақыру» | | |
| 36. | Житель Кокшетау оштрафован за распространение экстремистских материалов | 19.07.2021 | Экстремистік материалдарды сақтағаны және таратқаны үшін Көкшетау қаласының тұрғыны жауапқа тартылды. Дінтану сараптамасының нәтижелері бойынша аудиожазбалар Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған болып табылатыны анықталды. | ҚР Қылмыстық Кодексі 256-бап «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актъ ісін жасауға жария түрде шақыру» | Ақмола облысы | http://www.taunews.kz/news/religiya/zhitel-kokshetau-oshtrafovan-za-rasprostraneniye-ekstremistskikh-materialov |
| 37. | Наркотики и патроны нашли у приверженца ДРТ | 19.08.2021 | Түркістан облысы полиция департаменті Келес ауданының тұрғынын есірткі сақтау және өткізу күдігімен ұстады. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Түркістан облысы | http://www.taunews.kz/news/glavnoye/narkotiki-i-patrony-nashli-u-priverzhentsa-drt |
| 38. | Ақтөбеде есірткі саудасы үшін деструктивті діни ағымының өкілі сотталды | 10.09.2021 | Ақтөбеде есірткі саудасы үшін деструктивті діни ағымының өкілі сотталды, – деп хабарлайды Polisia.kz | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Ақтөбе облысы | https://polisia.kz/aqtobede-esirtki-saudasy-ushin-destruktivti-dini-aghymynyng-okili-sottaldy/ |
| 39. | Киік мүйіздерін сатумен | 15.09.2021 | Ақтөбеде киік мүйіздерін сатумен айналысқан деструктивті діни | ҚР ҚК 28-бабы 3-бөлігі және 339- | Ақтөбе облысы | https://polisia.kz/kiik-mujizderin-satumen- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | айналысқан ақтөбелік жігіт сотталды | | ағым ұстанушы азамат сотталды, – деп хабарлайды Polisia.kz. | бабы 2-бөлігі | | ajnalysqan-aqtobelik-zhigit-sottaldy/ |
| 40. | Тыйым салынған діни мазмұндағы аудио материалдарды сақтаған қызылордалық ұсталды | 17.09.2021 | Қызылорда облысы Полиция департаментінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлерімен жүргізілген жедел-іздестіру іс-шаралары нәтижесінде Қазақстан Республикасының аумағында сотпен тыйым салынған діни мазмұндағы аудио материалдарды “Вконтакте” әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында сақтаған деструктивті діни ағымын ұстанатын 40 жастағы облыс тұрғыны анықталды. | ҚР ӘҚБтК 453 бап «Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату» | Қызылорда облысы | https://polisia.kz/tyjym-salynghan-dini-mazmundaghy-audio-materialdardy-saqtaghan-qyzylordalyq-ustaldy/ |
| 41. | СҚО-да деструктивті діни ағымның ұстанушысы жауапқа тартылды | 14.10.2021 | СҚО-да экстремистік материалдарды сақтағаны және таратқаны үшін деструктивті діни ағымның ұстанушысы жауапқа тартылды, – деп хабарлайды Polisia.kz. | ҚР ӘҚБтК 453 бап «Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату» | Солтүстік Қазақстан облысы | https://polisia.kz/sqo-da-destruktivti-dini-aghymnyng-ustanushysy-zhauapqa-tartyldy/ |
| 42. | Екібастұзда деструктивті діни ағым жақтаушысынан «гашиш» | 20.10.2021 | Павлодар облысында деструктивті діни ағымдардың жақтаушысынан “гашиш” табылды, – деп хабарлайды Polisia.kz. | ҚР ҚК-нің 296-бабы 2-бөлігі «Есірткі заттарын өткізу мақсатынсыз заңсыз сақтау» | Павлодар облысы | https://polisia.kz/ekibastuzda-destruktivti-dini-aghym-zhaqtaushysynan-gashish-tabyldy/ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | табылды | | | | | |
| 43. | Түркістан облысында жігіт тыйым салынған материалдарды таратқаны үшін жазаланды | 27.10.2021 | Түркістан облысында тұрғын экстремистік материалдарды таратқаны үшін ұсталды, – деп хабарлайды Polisia.kz. | ҚР Қылмыстық Кодексі 256-бап «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру» | Түркістан облысы | https://polisia.kz/turkistan-oblysynda-zhigit-tyjym-salynghan-materialdardy-taratqany-ushin-zhazalandy/ |
| 44. | Приверженцы ДРТ совершили нападение на таксиста в Атырау | 01.11.2021 | Деструктивті діни ағым өкілі Атырауда такси жүргізушісіне шабуыл жасады | ҚР Қылмыстық Кодексі 194-бап «Қорқытып алу» | Атырау қ. | http://www.taunews.kz/news/religiya/priverzhentsy-drt-sovershili-napadeniye-na-taksista-v-atyrau |
| 45. | Приверженец ДРТ угрожал соседке в Алматы | 11.11.2021 | Алматы қаласында деструктивті діни ағым өкілі өзінің көршісіне қоқан-лоқы көрсетті. Полиция қызметкерлері қоқан-лоқы көрсеткен азаматты жедел түрде ұстап қамауға апарды. Бұзақыны тінту барысында пистолет табылды. | ҚР Қылмыстық Кодексі 115-бап «Қорқыту» | Алматы қ. | http://www.taunews.kz/news/religiya/priverzhenets-drt-ugrozhal-sosedke-v-almaty |
| 46. | Домохозяйка незаконно преподавала детям религию | 11.11.2021 | Шымкентте әйел миссионерлік қызметпен заңсыз айналысқан. Тексеру барысында үйде отырған әйелдің балаларға деструктивті бағыттағы діни сабақтар бергені анықталды. | ҚР ӘҚБтК 490 бап «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу» | Шымкент қ. | http://www.taunews.kz/news/religiya/domokhozyayka-nezakonno-prepodavala-detyam-religiyu |
| 47. | Мужчина незаконно занимался | 13.11.2021 | Ақмола облысының Жаңатұрмыс ауылында ер адам заңсыз миссионерлік қызметпен | ҚР ӘҚБтК 490 бап «Қазақстан Республикасының | Ақмола облысы | http://www.taunews.kz/news/religiya/muzhchina-nezakonno- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | миссионерской деятельностью с привлечением детей | | айналысқан. Ол кәмелетке толмаған балаларға діни сабақтар өткізді. | діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу» | | zanimalsya-missionerskoy-deyatel-nost-yu-s-privlecheniyem-detey |
| 48. | Приверженец ДРТ незаконно добывал золото | 17.11.2021 | Ер адам құрамында алтын бар кенді заңсыз өндірді. Бірақ оның жер учаскесіне және жер қойнауын өндіруге тиісті құжаттары болған жоқ. Тәртіп бұзушы ұсталып, тергеу изоляторына қамалды. | ҚР Қылмыстық Кодексі 334-бап «Жер қойнауын өз бетінше пайдалану» | Ақмола облысы | http://www.taunews.kz/news/glavnoye/priverzhenets-drt-nezakonno-dobyval-zoloto |
| 49. | Мужчина хранил экстремистские аудиозаписи | 19.11.2021 | Қарағандының 40 жастағы тұрғынында «ВКонтакте» әлеуметтік парақшасында экстремистік мазмұндағы аудио және бейне файлдар анықталды. Ер адам қаладағы теміржол ұйымдарының бірінің қызметкері. | ҚР ӘҚБтК 453 бап «Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату» | Қарағанды қ. | http://www.taunews.kz/news/religiya/muzhchina-khranil-ekstremistskiye-audiozapisi |
| 50. | Сторонник ДРТ задержан с 20 мешками марихуаны | 19.11.2021 | Полиция департаменті Алматы облысы ҰҚКД қызметкерлерімен бірге өз үйінде есірткі заты бар 20 қапты заңсыз сақтаған жергілікті тұрғынды ұстады. Қылмыстық іс қозғалды. | ҚР Қылмыстық Кодексі 297-бап «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» | Алматы облысы | http://www.taunews.kz/news/glavnoye/storonnik-drt-zaderzhan-s-20-meshkami-marikhuany |

## 3-қосымша

**«KONFESSIIAARALYQ JÁNE ÓRKENIETARALYQ DIALOGTY DAMYTÝ JÓNINDEGI N.NAZARBAEV ORTALYǴY» KEAQ**

**«N. NAZARBAYEV CENTER FOR DEVELOPMENT OF INTERFAITH AND INTER-CIVILIZATION DIALOGUE» NPJSC**


Z01D1Y0, Nur-Sultan qalasy,
Táýelsizdik dańǵyly, 57
tel.: +7 (7172) 26-60-11
+7 (7172) 26-60-25

**Qazaqstan Respýblikasy,**
**Beibitshilik jáne Kelisim saraiy**

Tauelsizdik Avenue,57
Nur-Sultan City, Z01D1Y0
e-mail: nncdiicdoffice@gmail.com


№________ «___» ____________ 2020

И.д. от 04.12.2020 №798

**Қазақстан Республикасының**
**Ақпарат және қоғамдық**
**даму министрі**
**А.Ғ. Балаеваға**

*Өңірлердегі діни ахуал мониторингінің*
*қазіргі жай-күйін талдауға қатысты*

**Құрметті Аида Ғалымқызы!**

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының **Діни ахуалды талдау және дінтану сараптамасы институты** өңірлік деңгейдегі дін саласындағы мониторинг және талдау жұмыстарының қазіргі жай-күйі мен өзекті мәселелері туралы әзірленген талдау хатты жолдайды.

Жүргізілген талдау нәтижелері **2020 жылдың 8 желтоқсанында** дін саласындағы жергілікті атқарушы органдар мен мекемелердің талдау бөлімдері мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында өткізілетін **«Діни ахуал мониторингі: әдіснамасы, технологиясы және жүргізу ерекшеліктері» тақырыбындағы онлайн семинар-тренинг** барысында таныстырылатындығын жеткіземіз.

Сондай-ақ жергілікті жерлердегі талдау және мониторинг жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында аталған **талдау хатты өңір әкімдеріне жолдауды** ұсынамыз.

*Қосымша 18 парақта.*

**Басқарма Төрағасы** **А. Әбибуллаев**

*Орынд.: Шукей І.*
*Байл. тел.: 8 7083379637*
*E-mail: inzhu020796@gmail.com*

# 4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрінің
2019 жылғы «03» мамырдағы
№ 94 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің аппарат басшысы және Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрлері арасындағы міндеттерді бөлу**

**Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі**

1. Діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру және іске асыру, конфессияаралық және этникааралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша Министрліктің функцияларын орындауды қамтамсыз етеді.
2. Діни қызмет және этносаралық қатынастар саласында ақпараттық-түсіндіру жұмысын үйлестіреді.
3. Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни қызмет және этносаралық қатынастар саласында халықаралық ынтымақтастық жөніндегі мәселелерді үйлестіреді.
4. Өз құзыреті шегінде Президент Әкімшілігімен, Премьер-Министр Кеңсесімен, Қазақстан Республикасының Парламентімен өзара қарым-қатынаста орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда, діни бірлестіктермен, Қазақстан халқы Ассамблеясымен, халықаралық және өзге де ұйымдарда өзара іс-қимылды жүзеге асырады, сондай-ақ Министрліктің мүддесін білдіреді.
5. Өз құзыреті шегінде заңнамалық базаны жетілдіру, нормативтік құқықтық актілерді, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және іске асыру бойынша жұмысты үйлестіреді және шараларды қабылдайды.
6. Өз құзыреті шегінде ведомствоаралық комиссияларына (жұмыс топтарына, кеңестеріне) катысады және Министрліктің мүддесін білдіреді.
7. Жетекшілік ететін салалар бойынша Кеңестердің, Комиссиялардың қызметін ұйымдастырады.
8. Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.
9. Жетекшілік ететін салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды, өз құзыреті шегінде Министрліктің Стратегиялық жоспарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

10. Өз құзыреті шегінде Президенттің, Президент Әкімшілігінің, Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының, Премьер-Министр Кеңсесі Басшысының, министрдің тапсырмаларының және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

11. Өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Министрлікке келісуге түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарайды.

12. Министрліктің қызметі шеңберінде жетекшілік ететін салалары бойынша келісімдерге, меншік нысанына қарамастан мемлекеттік және өзге де ұйымдармен өзара түсіністік, ынтымақтастық туралы келісімдерге, меморандумдарға қол қояды.

13. Қызметтік хат-хабарларға бұрыштама қояды және қол қояды, сондай-ақ жетекшілік ететін салалары мәселелері шегінде құжаттарды келіседі немесе бекітеді.

14. Ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың ірі мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдайды.

15. Мемлекеттік қаржылық қаражаттың және активтердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің бюджеттік қаражатын жоспарлауды және пайдалануды бақылауды қамтамасыз етеді.

16. Министрліктің жетекшілік ететін салалары бойынша мемлекеттік сатып алу аясында:

мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық құжаттаманы бекітеді;

конкурстық комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, өтінімдерді қарайды, ашу, рұқсат беру және мемлекеттік сатып алуды өткізу қорытындылары туралы хаттамаларға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда қол қояды;

өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шешімдер қабылдайды;

мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасады;

17. Бюджетті жоспарлау және оның атқарылуы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің, Есеп комитетінің және өзге де бақылау органдарының отырыстарына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің басшыларының қатысуын қамтамасыз етеді.

18. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

19. Жетекшілік ететін салалар шеңберінде нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізуді үйлестіруді жүзеге асырады.

20. Жетекшілік ететін салалар шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

21. Заңнамада белгіленген тәртіппен азаматтарды қабылдауды жүргізеді, азаматтардың өтініштеріне талдауды ұйымдастырады және оларды іске асыру бойынша ұсыныстар дайындайды.

22. Өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы, жұмылдыру және азаматтық қорғау салаларында Министрліктің мүддесін білдіреді.

23. Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24. Құзыреті шегінде «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, сондай-ақ Министрдің тапсырмасын орындау шеңберінде «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметіне жетекшілік етеді.

25. Мынадай:

Дін істері комитетінің;

Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің қызметіне жетекшілік етеді.